


ТҮЙТКІЛ

Қазақта жылу жинау деген бар. Табиғат апатына ұшыраған немесе белгілі себептермен малынан айырылған, баспанасыз қалған азаматқа туыс-туғаны, ел-жұрты жабылып, біреу ақша, біреу мал беріп, көмек көрсетеді. Соңғы кездері осы дәстүр пайда табудың сұмпайы тәсіліне айналып барады. Әңгіме тағы да парақорлық төңірегінде.

ПАРА – РЕЙТИНГ



ТАҚЫРЫПҚА
ОРАЙ

Руслан
КУВАТОВ,

Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл бюросының
Павлодар облысы
бойынша департаментінің
басқарма басшысы.

«Бұл жүйе бойынша ақша тапсыруға
Екібастұз қаласының мектеп
директорлары тартылған. Бөлім
басшысы Ұлттық бірыңғай тестілеуді
табысты өткіземін деп 45 мектептен
100 мың теңгеден ақша жинаған.
Бүгінгі таңда аталған жүйеге
тосқауыл қойылды. Іс
материалдары комиссия
мүшелеріне
жолданады»

(Жалғасы
2-бетте)

Сурет: Ғалым СМАҒАҰЛЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Ғылымның соры – плагиатор, яғни ұрлық. Білетіндердің айтуынша, соңғы жылдары ғана ғылымдағы жемқорлар 5 млрд теңгені жымқырыпты. Қазіргі тарихшы ғалымдар қатарында шамамен әрбір бесінші жан – сумақай. Әшкереленгені – бір тоғыз, әшкереленбегені үйірімен үш тоғыз. Бірен-сараны үлкенді-кішілі ғылыми-педагогикалық немесе ғылыми ұжымды басқарып отыр.

ПЛАГИАТ БІЛІМ ЕМЕС, СУМАҚАЙ ҒАЛЫМ ЕМЕС



(Толығырақ 5-бетте)

3

ЕССІЗ
ЕЛІКТЕУ

«ДІНИ САУАТТЫ
АДАМ ДҮМШЕ
БОЛМАЙДЫ»

6

АНТ –
АДАЛДЫҚ
РУХЫ

8

ҚАЗАҚТЫҢ
САЛ-
СЕРІЛЕРІ

9

on the web
JASQAZAQ.KZ

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Суретші



Сәкен оларды
өзінің дүниетанымының
тосындығымен, жұмбақтығымен,
жанының тұңғыық тереңдігімен,
көп қазаққа тән емес, көзге бірден
ұрып тұратын ерекше ақсүйек қалпымен, асқан
білімдарлығымен таңқалдырды. Шетелдің, орыстың небір
атақты театр, кино, қылқалам шебері, үкімет мүшесі
тамсана отырып, ол туралы, оның картинасы туралы
керемет пікір жазды. Сең қозғалды...



(Қилы тағдыр туралы 7-беттен оқисыздар)



SKYTRAX
2012-2017
ЖЕҢІМПАЗЫ

6 жыл қатарынан Орта Азия және Үндістанның
үздік әуекомпаниясы



БИЛІК



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕРІК ҚАЛҚАНЫ

Еліміздің сенімді Кибер қалқанын құру қажет. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 25 жылдық мерейтойына арналған салтанатты жиында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев осылай айтты.

Қазақстан Президенті «Өздеріңіз білесіздер, 16 желтоқсанда Тәуелсіздік жариялады. Келесі 1992 жылдың басынан бастап, әрбір мекемемізді құра бастадық. Бүгінде мемлекеттік органдардың барлығы құрылды», — деп атап өтті. Сондай-ақ мемлекет басшысы елордамызды тұңғыш рет өзіміз тандап, Сарыарқаның төсіне салғанымызды, төңірегіміздегі барлық елмен бейбітшілік келісімі бар екендігі, көршілерімізбен достық пен сенім шекарасын орнатқанымызға тоқталды. Бүгінде алыс елдермен де қарым-қатынасымыз жақсы. Дегенмен мемлекет басшысы ел болу үшін, тәуелсіздік мығым болу үшін еш уақытта қол қусырып, тыныш жатпауымыз керектігін айтты. Әлемде сақталып отырған күрделі карама-қайшылық бүкіл халықаралық қоғамдастық үшін, оның ішінде Қазақстан үшін де сын-қатерге

айналып келеді. Жаһандық проблемаларды шешу жемісті траншекаралық серіктестік аясында ғана болуы мүмкін. Еліміз экономикалық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастыққа бағытталған интеграциялық процесті дамытуды жақтаушы болып табылады. Елбасы «Мен әрқашанда да бұған дейін болған адами, мәдени қарым-қатынасты сақтауды жақтаушы болдым. Сондықтан да ТМД-ны нығайтуды ұсындым. Бірақ қалағандай болмады», — деді. Мемлекет басшысы сол себепті де Еуразиялық экономикалық одақ құрылғандығын атап өтті. Елбасы одақтың құрылуы дағдарыс кезеңіне тап келуіне қарамастан, ағымдағы жылы одақтас елдер арасындағы тауар айналымының 30-40 пайызға өскенін сипаттайтын дерек келтірді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 25 жылдық мерейтойына арналған мерекелік жиында Н.Назарбаев еліміздің киберқауіпсіздігін күшейту мәселесіне де тоқталды. Елбасы «Қазіргі уақытта біз өмірімізді цифрландыратын «Ақпараттық Қазақстан» бағдарламасымен жұмыс істеудеміз. Цифрландырумен бірге қабаттасып киберқауіпсіздік те келеді. Біз қазір ғана бұл мәселені талқыладық. Мемлекет болу үшін қажетті қаржыны құю керек», — деді. Бұл мәселе

Еуразиялық экономикалық одақ және Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аясында да көтерілуде. Мұндай қауіпті жою үшін Қазақстанның сенімді Кибер қалқан құру қажет. Бұл процесте маңызды рөл қуатты кадрлық әрі зияткерлік әлеует шоғырландырылған ұлттық қауіпсіздік мекемесіне беріледі. Мемлекет басшысы «Үй өзімдікі деме, үй сыртында бөрі бар» деген қазақтың сөзі бар. Ол сіздер үшін айтылған. Әр уақытта біздің елімізге, байлығымызға, тұрақтылығымызға, Қазақстанның бүкіл дүниежүзіндегі абыройына, беделіне қызғанатын адамдар аз емес. Досымыз да көп. Жаманшылық ойлайтындары да бар. Өкінішке қарай, ішімізде де кездеседі. Сондықтан осының барлығын Конституциялық жүйемізді сақтау, мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау, мемлекеттің күшейту жолында жұмыс істеу, экономикалық, ішкі, сыртқы қауіпсіздік барлығы бірге жүреді», — деді. Жиын соңында Елбасы комитет қызметкерлеріне сенім артатынын, сондай-ақ отбасыларына ізгі ниетін жеткізді. Ұлттық қауіпсіздік комитетіне еңбегі сіңген қызметкерлерді марапаттады.

(Өз тілшіміз)

7 сөз Қытайда шығатын ұшаққа Димаш Құдайбергеновтың аты беріледі

Ұтымды ұсыныс

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі:

«Тұрғын үйді салуда отбасын құрмаған бойдақ азаматтар үшін бір, бір жарым бөлмелі пәтерді көбейту қажет. Сонымен бірге отбасылық және студенттік жатақхананың санын арттырып, студент үшін арнайы қалашық бой көтеруі керек. Ал үй құрылысында жаңа тәсілді қолданып, өзімізде өндірілетін заманауи, сапалы материалды кәдеге жаратуды бастау керек. Ең бастысы, тұрғын үйдің бағасын халықтың қалтасына қонымды болатындай есептеп, оны арзандату жағын қарастыу қажет»

Мұра

ХАН ТУРАЛЫ ҚҰНДЫ ҚҰЖАТ

Омбыдан Кенесары хан туралы 40 құнды құжат елге қайтарылды. Астанада Кенесары хан жайлы тың деректен құралған арнайы көрме өз жұмысын бастады.

Онда көпшілік назарына Кенесары хан, сондай-ақ Шоқан Уәлихановтың әжесі Айғаным туралы бұрын кездеспеген құжаттар ұсынылды. Омбы облысы тарихи архивіндегі Азаматтық соғысты зерттеу орталығының жетекшісі Галина Бородинаның айтуынша, қазақ халқының тарихы үшін маңызды құжатты зерттеушілер алғаш рет көпшілік назарына ұсынған. Көрмеден XIX ғасырға тиесілі Ақмола облысының картасы мен өзге де құнды мәліметті көруге болады.

Түйткіл

ПАРА – РЕЙТИНГ

(Басы 1-бетте)

Теріскейде Екібастұз қаласы бар. 130 мың тұрғыны, слуге жуық мектебімен белгілі көмірлі аймақ. Шаһардағы білім ошақтарын Нұржамал Макумова табыс кезіне, жеке бизнесіне айналдырып алған көрінеді. «Оған мұндай құқықты кім берді, оның қолында қандай күдіретті күш бар?» — деуіңіз өбден мүмкін ғой. Ендеше айтайық, Н.Макумова — Екібастұз қалалық білім беру бөлімінің

басшысы. Қарамағына Екібастұз қаласымен және сол төңіректегі елді мекендердегі мектептің бөрі қарайды. Күдікті ретінде тұтқындалған азаматша 45 мектептің әрқайсысынан 100 мың теңгеден ақша жинапты. Мұның әңгіме басындағы жылу жинауға үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны анық.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Сонымен, есептеп көрейік, 45 директор 100 мың теңгеден тастаса, қанша болады? «Пара-салық» салынған соң, мектеп директорларында жан қалсын ба, бөрі

ойдан-қырдан құрап, әлгі соманы толтыруға тырысқан деседі. Тапсырма берген басшының да өз уәдесі бар болып шықты. Әйтпесе, кім тегіннен-тегін ақша жинасын? Уәденің кілтіпанын жариялауды құзырлы мекеменің өкіліне қалдырайық.

Айтайын дегеніміз - «үлкен педагог» пен «кіші педагогтардың» арасындағы келісім: мектептің білім деңгейін, көрсеткішін көтеріп көрсету болған. Жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі. Бірақ жамандық жерде жатысын ба, бір қаланың мектептерін 2014 жылдан бері бақылауында ұстаған Нұржамал ханым сот шешімімен қамауға алынды. Тергеу амалы басталып та кетті.

Осы мәселе бойынша Павлодар облыстық білім басқармасына хабарластық. Ондағылар аудаңға сілтеді. Аудаң Павлодарсыз ауыз ашпай отыр. Сонда кім жауап береді?..

Сауалы

Аптаңның

Жауабы

– Фармация комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің жүйелі түрде пара алып, фармкомпаниялар мүддесін қорғаған лауазымды тұлғалар тұтқындалды. Осыған қатысты түсініктеме бере аласыз ба?

Елжан БІРТАНОВ, денсаулық сақтау министрі:

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық бюросы негізгі мәліметті берді. Бізде қосымша ақпарат жоқ. Түсініктеме бере алмаймыз. Себебі бюро тікелей өз функциясын атқарып жатыр. Қазіргі таңда тергеу амалдары жүргізілуде. Егер сот тыңдаулары аясында өтетін қоғамдық талқылау барысында қажетті ақпаратты алсақ, түсініктеме береміз.

Садир ХАМПАЕВ, «Алматы транспорт холдингінің» директоры:

«Жолақыны қолма-қол төлеу 80 теңгеден 150 теңгеге көтерілді. Жаңадан енгізілген дифференциалдық тарифті қолдаймын. Жүйе аяқ астынан пайда болған жоқ. Бұл тәжірибені көптеген ел іс жүзінде қолданып келеді. Біз заңнамаға өзгеріс енгізілуін күттік. Ашық нарыққа жол ашылып, салық түскенде қала бұл жүйенің игілігін көретін болады. Ал жолаушыны қоғамдық көлікте ешкім мазаламайды. Тек карточкасын құрылғыға тигізсе болғаны. Бірақ біз жолаушыға қолма-қол төлеу мүмкіндігін де қарастырып отырымыз»

Марат ШИБУТОВ, саясаттанушы:

«Бұл жағдайда жүргізушілер қоғамдық көліктегі терминалды әдейі бұзып, жолаудың қолма-қол ақша талап етуі мүмкін. 80 теңгелік электрондық билет пен бір реттік 150 теңге жолақының арасында біраз айырмашылық бар. Оның үстіне жүргізуші қоғамдық көлікте келе жатып, жолаушы мен есеп айырысуы дұрыс емес. Жүргізушінің көңілін басқа жаққа бөледі. Осы мәселені ретке келтіру керек»



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

САПАЛЫ БІЛІМ АЛУҒА ШАҚЫРАДЫ



ҚазҰУ-ға оқуға түс те ХХІ ғасырдың таңдаулы мансабына қол жеткіз!


● 15 факультетте 82 мамандық бойынша жоғары білім (бакалавриат) алу, магистратура мен PhD докторантурада оқуды жалғастыру мүмкіндігі бар. Оқу үш тілде: қазақша, ағылшынша, орысша жүргізіледі.

● Жоғары және арнайы орта білім негізінде білім алу. Оқудың түрлері: күндізгі, сырттай және қашықтықтан оқыту.

● Гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми бағыттары бойынша жоғары сынып оқушыларына арналған университеттің жаңа бейіндік мектебі бар.

● Үздіксіз білім беру жүйесі: бейіндік мектеп, колледж, бакалавриат, магистратура, PhD докторантура – сәттілікке бастар жол!

● Университеттік кампуста заманауи оқу ғимараттары, ғылыми инфрақұрылым, кітапханалар, интернет-орталық, тамақтану орындары, спорт кешені, кинотеатр, "Көремет" студенттерге қызмет көрсету орталығы, Студенттер сарайы, әскери кафедра, бассейн, «Жас ғалымдар үйі» бар. Студенттерге ыңғайлы жатақханалардан орын беріледі.



Қабылдау комиссиясының мекенжайы:

Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,
Ө. Жолдасбеков атындағы
Студенттер сарайы, 1-қабат.

Байланыс телефондары:
8 (727) 221-10-00; 221-10-10; 221-11-68;
377-33-65; 377-33-66

Жұмыс уақыты:
дүйсенбі-сенбі, 9:00-ден - 18:00-ге дейін
(үзіліс 13:00-ден - 14:00-ге дейін)

Қосымша ақпарат
www.kaznu.kz сайтында

ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСА!

Оқшау ой

Әлгіндей тұрпайы көрініс – кейбір жастардың білместікпен, шетелдің телесериалдарына

құмарлықтан немесе бір-екі рет сол елге барған сапарының салдарынан туындаған еліктеушілік. Бұл көбіне үнді тойының ызың-тызың музыкасына, тақылдаған биіне, әлемі көрінісіне қызығушылықтан туындаған болуы мүмкін. Өз басым мұны үлкен қателік деп есептеймін.

Жалпы, қазақ тойымен үнді тойының айырмашылығы – жер мен көктей.

Қазір Үндістанда 1,3 млрд адам тұрады. Саны 50 миллионнан асатын оннан астам ұлт пен ұлыс өмір сүріп жатыр. Үндістанда тек үнділердің (хиндилердің) емес, кашмирліктердің, гуджараттықтардың, ассамдықтардың, бенгалдардың, тамилдердің әрқайсының тойы әртүрлі. Касталық тәртіптегі үнділердің тіршілігі фильмдерде керемет көрінгенімен іс жүзінде онда өмір сүру өте ауыр. Айнала ластық. Орташа табысы айына 30 долларға жетпейтін отбасылар көп. Әлеуметтік проблемалары шаш етекпен. Үнділер ондаған құдайға, тіпті қадімгі сиырға табынады. Атап айтатын нәрсе, олар мұсылман емес. Дін жағынан да жат. Ол жакта да мұсылмандар тұрады. Бірақ олардың тойы басқаша өтеді. Олар мүкіндігінше мұсылмандық талапты сақтайды.

«Тас түскен жеріне – ауыр» демекші, бізде той жасағанда, негізгі ауыртпашылық жігіт жағына түседі. Ал Үндістанда керісінше. Үнділердің тойында негізгі салмақ, күллі шығын қыз жағына түседі. Болашақ келінге қойылар талап та үлкен. Онда қыздың пәктігіне айрықша мән беріледі. Күйеуге тиген қыз Вишну және т.б. құдайларынан өзінің күйеуінен бұрын қайтыс болып кетуін тілейді. Өйткені, күйеуі қайтыс болып,

Соңғы уақытта әлеуметтік желіде ұл-қыздарының тойын үнді стилінде өткізіп, соны өздерінше жетістік көріп жүрген қарақөздердің ісі қоғамда қызу талқыға арқау болды. Бұл біздің ұлттық көзқарасымыз тұрғысынан алғанда, қате ұғым және бұрыс нәрсе. Өйткені, басқа елдің, жат жұрттың әдет-ғұрпына ынтызарлық, қызығушылық – бұл өзінің табиғи болмысын, ұлттық бастауын мәнсінебей, ата-бабасынан қалған әдет-ғұрпынан аттап, басқа елдің, басқа халықтың дәстүрін дәріптеуді рухани сатқындық демеске шараң жоқ. Мұны бір сөзбен қазақтың ұлттық құндылығына деген мәнсінеушілік деп бағалау керек. Жүсіп Баласағұн мұндайлар туралы: «Кімде-кім халқынан алмаса тәлім, Оны үйрете алмас ешбір мұғалім» деген.

ұлттық ерекшелігімізді сыйламай, оның бөрінен аттап өтіп, бөтеннің бағындағы шіріген жеміске қызығу – ол барып тұрған әбестік.

Қазақтың әдет-ғұрпын зерттеуші ретінде, дәстүрлердің жанашыры ретінде мен мұндай ерекшелік қатты айыптаймын. Сөз арасында қазақтың келін түсіруге байланысты кейбір жансақтықтарын да айта кеткім келеді. Өйткені, әлеуметтік желілерден кейде сондай қиғаштықтарды көзіміз шалып қалады. Жалпы, қазақтың әдеп-ғұрпы өлім-жітім мен той-томалақтың төңірегіне топтасқаны рас. Одан өзге шаруашылық жағдайларына, жыл мезгілдеріне байланысты әдет-ғұрыптар да бар.

Өлім жөнелтуге қатысты ғұрыптар құдайға шүкір, мұсылман дініміздің арқасында бір ізге түсті. Ал той-томалаққа келгенде білместіктің немесе ерекше өткізгіш келудің салдарынан жансақтықтар жиі орын алып жатады. Қазақтың бүкіл салт-дәстүр, әдеп-ғұрпын бір жазықтықта қарап бағалауға болмайды. Оны ғасырлар қатпарынан тұратын текше (қуб) деп елестету керек. Соның ішінде қыз айттыру, құда түсу, қалыңмал төлеу, қыз ұзату, келін түсіру тәрізді мыңдаған жылдардан еш өзгеріссіз келе жатқан ұстындық дәстүрлер бар. Әр дәуірдің сол дәстүрлерді қызықты, мазмұнды ететін қосымша ырым-сырымдары болады. Дәстүр солардың орындалуымен қызықты, солардың орындалуымен қымбат.

ЕССІЗ ЕЛІКТЕУ

жесір қалған әйелді қоғам жақтырмайды. Күйеуін дұрыс қарамай өлтірді деп есептейді. Сөйтіп «сүтке тиген мысықтай» күй кешеді. Басқа да қисынға келмейтін ғұрыптары жеткілікті. Оның бәрін «көшіріп», бізге енгізу барып тұрған наландық.

«Өз ағасын ағалай алмаған, кісі ағасын жағалайды» – демекші, өзіміздің ұлттық құндылығымызды қастерлеп, оны мұқият орындап, соның талабынан шығудың орнына біресе үндінің, біресе өзбектің, біресе орыстың тойына еліктеп, сол мәнерде той жасау мүлде қоныссыз. Мұндайда өкініштісі, жол сілтейтін жөн білетін үлкендердің аздығы. «Ей, шырақтарым, олардың дұрыс емес!» – деп тоқтатып, қамшысын үйіріп, ұлттық әдет-ғұрымымызға қарай құлататын ақсақалдарымыз көбейсе ғой. Біздің салт-дәстүрімізді,

Бірақ уақыт шіркін сол дәстүрлерге өз өзгерістерінің табын қалдырып жатады. Ұстындық дәстүрлер уақыт қатпарларын тесіп өтіп, бүгінгі күнге жетті. Ол әрі қарай да жалғасатын болады. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші, екінші қатардағы, дәлірек айтқанда, көңіл көтеруге немесе өңірлік деңгейдегі әдет-ғұрыптар ұстындық қалыпқа жете алмай жол-жөнекей ұмғытылып жататыны бар. Олар белгілі бір көлем мен деңгейге дейін келеді де, ары қарай уақыт сынынан өте алмай қалады. Мысалы, ХХ ғасырдың ортасына дейін қазаққа «үкі тағу» ырымы болды. Ол қыздың енді ары қарай басы бос еместігін, айттырылған жері бар екендігін білдіретін. Бұл жоралғы бүгінде өзгеріске ұшырап «сырға салуға» айналды. Демек, дәстүр де алтын қазықтың

терезеден кіргізу сияқты әрекет бүгінде шаңырақ иесі үшін ұят, ауыл үшін әбестік, мұсылманшылық үшін наландық. Екі келін қатар түссе, жасы үлкен немесе жолы үлкен ұлдың әкелгені алдымен табалдырық аттайды. Табалдырық бір үй үшін ғана емес, тұтас қазақ үшін киелі ұғым. Бұдан кейін маңыздысы әлбетте – беташар мен неке кию. Алдағы уақыттарда келінді терезен кіргізу сияқты жаңсақ «вирустарға» жол берілмеуі керек!

«Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деп жатырмыз ғой әлгіңде. Осы арада соның кездері пайда болған «құлғаи жүзік салу» деген жаңа салт туралы айта кеткім келеді. Айталық, отбасы сүйікті қызын ұзатты делік. Ол келін болып түскен он жыл ішінде екі-үш қара домалақты әкелді өмірге. Ата-енесіне жақсы қарап, күйеуінің туыстарының алдында абырой жинады. Ибалы, әдепті, еңбеккер жақсы келін болды. Соны ескерген күйеу жігіттің ата-анасы құда-құдағиын шақырып, құрмет көрсетіп, келінінің анасына ортаңғы саусағы мен аты жоқ саусағына қатар салынатын құдағи жүзік тарту етеді. Бұл ары қарай дамытуға болатын жақсы дәстүр. Қыз жақтың ата-анасы да күйеу баласына риза болса, оның ата-анасына, яғни құда-құдағиына осылай құрмет көрсетуіне болады. Бұл да дәріптеуге лайық жаңа дәстүр.

Қазақтың бүгінгі тойының реформалайтын тұстары көп. Ең алдымен уақыт ысырап, тамақ ысырап, сөз ысырап. Осыларды біртіндеп жөнге келтіріп, артық тұстарынан арытып, қалыпқа келтіруіміз керек. Әсіре еліктеушілік аластырады. Қазақ тойының қас жауы – сауатсыз асабалар. Ұлттық әдеп-ғұрыптан сауаты кем, дұрыс сөйлей алмайтын, қазақтың мақал-мәтелін орынды қолдануға интеллекті жетпейтін, жас отыр-кәрі отыр, бала отыр демей, аузына келген анекдотты айтатын, елді құдіремің деп бүлдіретін шала асаба көп. Қазақ тойын жөндеуіміз десек, асабаның білімін жөндеуіміз керек. Асаба мамандығын сертификаттау, арнайы оқыту, лицензия беру, олардың жұмысын ретке келтіріп, салық төлейтіндей етіп ұйымдастыру бүгінгі күннің талабы. Асаба дегеніміз – ол той мінберінде қолына микрофон ұстаған тәрбиеші, ол тойдағы ұстаз. Той трибунасындағы халықтың – сөз ұстаған азаматы. Сондықтан, Т. Жүргенов атындағы Өнер академиясы жанынан ұлтты тәрбиелетін, дәстүрді дәріптейтін сондай асабаларды оқытатын бөлім ашу қажет деп ойлаймын.

Марат ТОКАШБАЕВ,

Қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясының президенті, журналист-жазушы



Фотоайғақ



БУРАБАЙДА ДЕМАЛҒЫҢ КЕЛЕДІ. БІРАҚ...



Бурабай, 2017 жыл

– Түркияға демалуға барған 24 отандасымыз «Элит класс» туроператорының кесірінен қонақүйге орналаса алмай қалды. Бұл мәселе шешімін тапты ма?

Сауалы

«Тасқазақ»

Жауабы

Әнуар ЖАЙНАҚОВ, сыртқы істер министрлігі баспасөз қызметінің басшысы:

– Анталияға демалысқа барған туристеріміз қонақүйге орналастырылды. Еліміздің Анталиядағы консулы Бауыржан Өбдірахманов отандастарымызбен кездесіп, жағдайын білді. 24 турист, оның ішінде 9 бала бар. Консул мәселені шешу үшін қонақүйдің басшылары мен бірнеше туристік агенттіктің директорымен келіссөз жүргізді. Нәтижесінде консулдықпен тығыз жұмыс жасап келе жатқан туристік компаниялардың бірі – бар шығынды мойына алып, 30 мың доллардан артық қаражат төледі. Туристер демалысын жалғастыруда. Алаңдауға негіз жоқ. Ал «Элит класс» компаниясының елімізде бірнеше серіктесі бар. Сол себептен Түркияға баруды жоспарлаған туристерге жолдама мен өуе билеті үшін ақы төленгенін нақтылап алу керек.



Сарап

Еліміздің сыртқы істер министрі Кайрат Әбдірахманов

Астана процесі Елбасының тікелей бастамасымен өткізілгенін атап өтті. Министр кездесудің Сириядағы қарулы қақтығысты тойтаруға айтарлықтай үлес қосқанын мәлімдеді. К. Әбдірахманов «Қазақстан Сириядағы кантөгіске себепкер болған соғысты қолдамайды. Токсан ауыз сөздің тобықтай бір түйіні бар. Ол — бейбітшілік. Шиеленістің

Еліміз БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде әлемде бейбітшілікті баянды ету жолында өз міндетін абыроймен атқарып келеді. Сириядағы соғысты тоқтатып, бейбіт өмірді қалпына келтіруді мақсат ететін Астана процесі осының жарқын дәлелі. Осы айдың басында Астана процесі аясында Сирия халықаралық келіссөзінің бесінші раунды өтті. Жиынға Ресей, Түркия, Иран, Сирия үкіметі және осы елдегі қарулы оппозицияның өкілдері келді. БҰҰ-ның арнайы өкілі Стаффан де Мистура, сондай-ақ АҚШ пен Иорданияның лауазымды тұлғалары бақылаушы ретінде қатысты.



ШЕТЕЛДІК БАҚ:

АСТАНА ПРОЦЕСІНІҢ БЕРЕРІ МОЛ

жойылуы үшін жасалуы тиіс дүние әлі де жоқ емес. Астана процесіне қатысушылардың белсенділігінің арқасында жағдай бірте-бірте жөнге келіп жатыр. Елордамызда өткен келіссөздің 5 раунды да 100 мың сириялықтың тағдырына әсер ететіндей нақты нәтижеге жететін болады» — деді. Дипломаттың сөзіне сүйенсек, Астана процесінен соң Сириядағы соғыс саябырысып, мұқтаж адамдарға гуманитарлық көмек көрсету жолға қойылды.

Сыртқы істер министрі Ресей мен Түркияның бірлескен мәлімдемесінің мәтінін ұсынды. Онда кепілгер елдер әскери істі тоқтату үшін және тараптар арасындағы қақтығысты жүйелеу жолына белсене араласып жатқандығы жазылыпты. Сондай-ақ құжатта 2017 жылдың 4 мамырда қол қойылған меморандум қорытындысы бойынша Сириядағы зорлық-зомбылық деңгейін төмендету және Сириядағы ахуал ушыққан

сай. Бұл жолы тізгін Ресей, Түркия және Иранда. Бірінші отырыс Түркия, Ресей және Иранның техникалық комитеттері арасында өтті. Кейінірек Асад режимінің БҰҰ-ғы өкілі Башар Жафари бастаған делегация Ресей мен Иран комитетімен кездесті. Ал әскери оппозиция делегациясы өз арасында келіссөзді талқылады. Жиналыстың соңы оппозиция өкілдерінің Түркия делегациясымен техникалық кездесуіне ұласты. Оның артынша, кепілгер елдердің өкілдері JW Marriott қонақүйінде екіжақты және ұшжақты келіссөз жүргізу үшін жиналды. Оппозиция делегациясы да Еуропаның бірқатар елінен келген өкілдерімен келісімге келді. Америка Құрама Штаттары



Sputnik Arabic, Ресей: Шындығына келсек, бұл жерде әлемдік төңкеріс орын алып жатыр. Оның болуы Сириядағы 6 жылға созылған соғыстан кейін,

да заңды құбылыс. Сириядағы 6 жылға созылған соғыстан кейін,

батысындағы Идлиб аймағы айтарлықтай тынышталды. Бірақ Батыс Сириядағы, оның ішінде

болдырмауға шақырды. Сириядағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қалпына келтіру жолында Ресей мен АҚШ және басқа да елдердің орны ерекше екендігі анық. Қазақстан Сириядағы ұрыс қимылын тоқтату мақсатымен бұл қадаммен



Шығыс Гута-Дамаск пен Дера қаласында соғыс жалғасып жатыр. Бұл шиеленісті реттеуде ел үкіметі де қарап отырған жоқ. Егер қауіпсіз аймақ құру келіссөзі толыққанды жүзеге асса Ресей, Иран және Түркия тез арада өз қорғаныс күшін көмекке жұмылдырады.

тоқтап қалмайды. Нәтижелі істің жалғасатындығына күмән жоқ.

PRESSTV, Иран: Иран, Ресей және Түркия қауіпсіз төрт аймақты құруды жалғастыру үшін Астана процесі бойынша алдағы Сирия келіссөзін тамыз айында жалғастырады. Сирия 2011 жылдан бері шетелден шыққан жауынгерлермен күресіп келеді.



Өндіріс

Шымкент мұнай өндеу зауытын жаңғырту жобасының бірінші кезеңі аяқталды. Осының нәтижесінде зауыттағы жанармай сапасы Евро-4 және Евро-5 экологиялық стандартына көшті.

Тарихи оқиғаға қатысты өткен салтанатты жиынға Қытайдың CNPC компаниясының Бас директоры Биан Дыжи мен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев қатысып, зауыт жұмысына сәттілік тіледі.

Жаңғырту жұмысының бірінші кезеңінде Шымкент мұнай өндеу зауытында шикізатты ыдысқа

компьютер арқылы бақыланып отырады. Бұл жұмыс үш операторға жүктелген.

«Қазіргі таңда вагондарға бензиннің үш маркасын атап айтқанда, АИ 80, 92, 96 бензинін құйып жатырмыз. Бір мезгілде екі түрлі өнімді құя алатын мүмкіндігіміз бар. Бір цистерна шамамен 10 минутта толады. Жаңа қондырғы

EURO-5 БІЗДЕ ДЕ БАР!



саңылаусыз құятын қондырғы іске қосылды.

Мамандардың айтуынша, бұдан былай ауа ластанбайды. Ең бастысы, зауыттағы жұмысты іске асыруда қауіп-қатер орын алмайды. Кәсіпорын мұндай мүмкіндікке «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы аясында қол жеткізіп отыр.

Екі кезеңнен тұратын Шымкент мұнай өндеу зауытын жаңғырту жобасы «Үдемелі индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы аясында 2011 жылы басталған болатын. Жобаның бас мердігері — қытайлық SINOPEC компаниясы. Жобаны іске асыруға 30-дан аса жергілікті мердігер компания тартылған. Бүгінде зауыт акциясы «ҚазМұнайГаз-ӨМ» АҚ мен қытайлық CNPC компаниясына тиесілі.

Сондай-ақ зауытта жылына 4 мың тонна күкірт шығарылады. Құрылымдау жұмысының екінші кезеңі толық аяқталса, зауыт еліміздегі әлемдік талапқа сай ірі кәсіпорынға айналады.

«ПетроҚазақстан Ойл Продактс» компаниясының ұжымы бірінші кезеңге жататын мұнай өнімдерін нүктелік (саңылаусыз) құятын автоматтандырылған қондырғыны іске қосты. Еліміздегі алғашқы әрі бірегей қондырғыда алдын ала іске қосу-реттеу жұмысы жүргізіліп, сынаудан өткізіледі. Яғни бензиннің алғашқы партиясы қабылданып, өнім вагон-цистернаға құйылды.

Сондай-ақ зауыт мамандары көбікпен және газбен өрт сөндіру жүйесін, динамикалық жабдығының электрлік схемасын, технологиялық процесті автоматты басқару жүйесін, бақылау-өлшеу аспабын тексеруден өткізді.

Дайын өнімді жөнелту және шикізатты есепке алу бөлімінің бастығы Болатбек Жолдасов «Көмірсутекті буды қайтаратын блогы бар жана қондырғы экологиялық талапты ескере отырып жобаланып, салынған. Қондырғы мұнай өнімдерін вагон-цистернаға әрқайсысы телескопиялық жабдық арқылы сағатына 730 текше метр өнімділікпен саңылаусыз құюлы қамтамасыз етеді. Мұнда екі шойын жол бар. Жоба бойынша әр теміржолға 28 вагоннан сыяды. Сонда қондырғы бір мезетте 56 вагонды қабылдай алады. Бұл технология көмірсутек буының атмосфераға тарауын болдырмайды. Сондай-ақ жұмысшылардың уақытын

компанияға шығынсыз әрі қарқынды жұмыс істеуге жол ашып отыр. Сондай-ақ ол құюды берілген массаға сәйкес орындауға, мұнай өнімінің цистернаның ернеуінен асып кетпеуіне жол бермейді», — дейді тауарлы-көлік цехының бастығы Құлпынай Майқараева. Әзірге елімізде алғаш болып іске қосылған қондырғының бензин құю бойынша қуаты жылына 2,5 миллион тоннаны құрайды. Оның қуаты келешекте авиакеросин бойынша жылына 0,5 миллион тоннаға, дизель отыны бойынша жылына 2 миллион тоннаға кеңейтілетін болады.

Жаңғырту жұмысы барысында осыған дейін дизель отынын гидротазалайтын, күкірт өндіретін жана қондырғы мен жаңа газ-алау қондырғысы іске қосылған болатын. Зауытты жаңғырту жобасының бірінші кезеңінің ірі технологиялық нысаны — шикізатты алдын ала гидротазалайтын блогы бар жеңіл бензин фракциясын изомерлеу қондырғысы да іске қосылуға лайын түр. Нысан іске қосылғаннан кейін кепілді пайдалану көрсеткішіне қол жеткізіліп, 2017 жылы K4, K5 экологиялық кластығы (Еуро-4, Еуро-5 аналогы) жоғары октанды бензин мен дизель отыны алынатын болады. Жоғары октанды бензинді өндіру жылына 460 мың тоннаға, дизель отынын өндіру 226 мың тоннаға, авиаотынды өндіру 27 мың тоннаға артатын болады. Бұл елімізде бензин тапшылығын жоюға және Ресейге тәуелділіктен арылуға септігін тигізбек.

Зауытта жүргізіліп жатқан жаңғырту жұмысының екінші кезеңінің де барысы жаман емес. Мамандардың айтуынша, жобаның екінші кезеңі зауыттың шикізат өндеу қуатын жылына 5,25 миллион тоннадан 6 миллион тоннаға дейін арттыруға және шикізатты өндеу тереңдігін жоғарлатуға бағытталған. Екінші кезең технологиялық тұрғыдан күрделі болып келеді. Жоғары октанды моторлы отынды алатын, қуаты жылына 2 миллион тонна мұнайды терең өңдейтін каталитикалық крекинг қондырғысы кешенін салуды қарастырады. Жоба аяқталғанда зауытта жоғары октанды бензинді өндіру жылына 2 270 мың тоннаға дейін, дизель отынын өндіру жылына 1 916 мың тоннаға дейін, авиаотынды өндіру жылына 400 мың тоннаға дейін, ал зауыт өнімдерінің ел нарығындағы үлесі 35%-ға дейін артатын болады деп күтілуде.



үнемдеп, денсаулығына зиян келтірмейді», — дейді.

Өнімді цистернаға құю процесі бұған дейін тек жұмысшының көмегімен жасалатын. Әрі алыс тонналық бір вагонды толтыруға мұнайшы бір сағаттай уақыт жоғалтатын. Ал қазір барлығы автоматтандырылған. Барлық процесс

Жалпы, Шымкент мұнай өндеу зауытын жаңғырту жобасы бойынша 11 технологиялық қондырғыны және зауыт шаруашылығының 29 нысанын салу және реконструкциялау қарастырылған.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

аймақтарды анықтау» жайлы сөз қозғалған. Кепілгер елдер бірлескен жұмыс тобының құрылғанына оң көзқарас танытты. Сонымен қатар аймақтардың жедел және техникалық шарттарын өзгертуді тапсырды. Бірлескен жұмыс тобының алдағы отырысы осы жылы 1-2 тамыз аралығында Иран елінде өтеді.

Айта кетейік, аталған мәліметте Сириядағы дағдарысты реттеу үшін іргелі принциптер жолға қойылып, қауіпті аймақтардағы гуманитарлық жағдайды жүйеге келтіру негізделген. Ал біз Астана процесі туралы жазған шетелдік БАҚ-қа шолу жасадық.

TRT, Түркия: Сирия өкілдігі мен оппозиция жақ бейбіт келіссөзді орнату үшін сакадай



Reuters, АҚШ: Мамыр айындағы келісімнен кейін Сирияның солтүстік-



REUTERS

қырғын мен кантөгістен соң дүйім жұрт бейбітшілікті ансап отыр. Мемлекеттік және әлемдік дәрежедегі басқосуда, әсіресе Қазақстан мен Ресейдің орны бөлек.

Trend News Agency, Әзірбайжан: Қазақстан Сирияның оңтүстік-батысында қауіпсіз аймақ құруға байланысты Ресей мен АҚШ арасындағы келіссөзді аяқтады. 9 шілдедегі Әл-Кунейтра, Дерья және Әс Сувейда елді мекендеріне байланысты бітім Сириядағы кантөгістің жоюдың айқын көрінісі. Қазақстан сыртқы істер министрлігі Сирия үкіметіне және қарулы оппозицияға да ықпал ету арқылы ұрыс аймағында әскери қақтығысты



Әбдіманап КЕҢЕС,
шолушы

Көкейкесті

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы екі стратегиялық міндетті күн тәртібіне қойды: біріншісі — ұлттық сананы заманауи биікке көтеру үдерісінде қазақтың қазақ қалпынан айырылып қалмау; екіншісі — жанаша жаңғыру үстіндегі әлемдік өркениет тұлпарының құйрығынан емес, жалынан ұстап, тәуелсіз еліміз бен халқымызды тарих шаңына көмілуден сақтау, ең дамыған 30 елдің қатарына ену.

Қос міндетті шешу үшін экономика, саясат, ұлттық қауіпсіздік, әлеуметтік инфрақұрылым, биік технология қаншалықты маңызды болса, қоғамдық-гуманитарлық ғылым да соншалықты қажет. Айталық, қазақтың қазақ екенін айшықтайтын ұлттық код болмысын түсінуге физика, химия, биология, генетика ғылымдары азды-көпті шылбыр ұстататыны рас-ау, бірақ тарих, тіл, мәдениет, философия, этнология, әдебиеттану ғылымдарынсыз қайдан шыққанымызды, қандай белестен өткенімізді, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды дұрыс ұғынудан қалып, Ли Байды Елібаймен, Абылайды некесіз туған үлмен шатастырған адасуға жол береміз. Демек, бағдарламалық мақаладағы: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», — деген тұжырымда теориялық, методологиялық, танымдық зор әлеует жатыр.



ҺӘМ ТАРИХ

Рухани жаңғыруға серпін беретін көшелі ғылым — тарих ғылымы. Ұлы далада тарихи ілім мен сана сақ заманында-ақ жоғары бағаланғанын Геродот шығармасы куәлендіреді. Тарихқа тағзым кейінде де бір мысқал кеміген жоқ. Бабаларымыз тәрізді тарихтан ұрпақ сабақтастығын көрудеміз, оны өркендеттік, ұлттық, рухани кемелдіктің кепілі ретінде құрметтейміз. Тарихи ақиқат пен тарих ғылымының арасынан қыл өтпейтін тұтастыққа қол жеткенде рухани жаңғырудың тынысы ашылары сөзсіз.

Қай қоғамда болмасын, ғылымның ілгерілеуі мен іріктілі, нәтижесі мен жаңалығы адам факторына тәуелді. Тарих ғылымында да олай. Нақты мысалға жүгісек, тоталитарлық қыспақта жүріп-ақ Санжар Асфендияров, Тұрар Рысқұлов, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов, О.Ысмағұлов сынды ғалымдар өлмес зерттеуін жазған жоқ па! Әрине, мемлекеттің ғылымға қатысты саясаты көп мәселені анықтайтынын жоққа шығармаймыз.

Әйтпесе, отарлық дәуірдегі Қазақстанда кәсіби тарихшы даярлайтын біріле-бір оқу орны болмағанын қайтп түсінуге болады. Есесіне, Кеңес үкіметі жылдары ашылған тарих факультеті мен кафедрасы, ғылыми зерттеу институты (ҒЗИ) қатаң партиялық, идеологиялық бақылаудан көз ашпалды.

Тарихшылар үшін нағыз шығармашылық еркіндік тәуелсіздікпен бірге келді. Зерттеуге тыйым салынған тақырып пен құжат қапастан жарыққа шықты, жаңа мамандық ашылды, шетелдік әріптестермен кәсіби байланыс ұлғайды.

Қазақстандық тарих ғылымының бүгінгі адами әлеуетін 200-ге жуық ғылым докторы мен 800-ден астам ғылым кандидаты құрайды. Олар жүздеген кафедрада, ондаған ҒЗИ-да шоғырланған. Араларында ҰҒА-ның 8 академикі, 4 мүше-корреспонденті бар. Тарихшы ғалымдардың негізгі дені тәуелсіздік тұсында ғылыми атак-дәрежесін алғанмен, үздік нәтижесімен көзге түсіп жүргені маман ретінде кеңестік дәуірде қалыптасқан. Тәуелсіз Қазақстанда туып, тарихшы мамандығын

алғанда, Елбасы мақаласының рухында айтсақ, оқу анасы — қайталауды ұлықтағанымен өмірдегі өзгеріске шығармашылығы бейімделмеген тобы өсіп шықты.

Бірақ бұлар ғылымның соры емес еді. Ғылымның соры екінші топ — плагиатор, яғни сумақай. Білетіндердің айтуынша, соңғы жылдары ғана ғылымдағы жемқорлар 5 млрд теңгені жымқырыпты. Қазіргі тарихшы ғалымдар қатарында шамамен әрбір бесінші жан — сумақай. Әшкереленгені — бір тоғыз, әшкереленбегені үйірімен үш тоғыз. Бірен-сараны үлкенді-кішілі ғылыми-педагогикалық немесе ғылыми ұжымды басқарып отыр.

Ғылымның ұрысы немесе сумақай рухани жаңғыруға олжа салмайды, бірақ жалған ұраншылдығымен, жылпостығымен ғылымдағы әлеуметтік-кәсіби және рухани-имандық тазалықты бір қарын

майдағы құмалақтай шірігері сөзсіз. Кеңестік жылдары әрбір он ғылым кандидатына бір ғылым докторынан келетін. Бүгінде ол арақатынас 1:4-ке жетті. Ғылым докторының көбейгені емес, лайықсызының жойдасыз тайрандауы аландаушылық туғызуда. Ғылымның да, ғылымның да қалірін кетіргендер — осылар. Төніп келе жатқан апаттан интеллектуалдық әлеуеті құтқару үшін ЖОО-ның үш сатылы жүйесіне, Ғылым академиясын қоғамдық бірлестікке көшіруге мәжбүр болдық. Елбасының мақаласында айтылған, «Бізге инженер мен дәрігер ғана емес, қазіргі заманды және болашақты терең түсіне алатын білімді адамдар да ауадай қажет», — деген сөзден кеменгерлікті көреміз.

Рухани жаңғыру үдерісінің алдыңғы шебінде әлеуметтік-кәсіби жаңғыруды әлдеқашан басынан өткерген тарихшылар тобы келе жатыр. Бұлар ғылымға жегілген әріптесінің үштен бірін құрайды. Арасында дүниеден озғандар да бар. Мәселен, тәуелсіздік таны атқанда академик М.Қозыбаевтың жасы 60-тан асып кеткен болатын. Қырандай қайта түледі. Азаттықтың он жылы ішінде бұрынғыдан да өнімді еңбек ете алды, баға жетпес мұра қалдырды. Ал бүгінгі академик Б.Байтанаев 1991 жылы орда бұзар отызға енді ғана кірген еді. Отан тарихы мамандығын археологияға алмастырған ол іргелі зерттеуін дүниеге әкелуде.

Нағыз ғалым атағына лайықтының еңбегімен отандық тарих ғылымының теориялық, методологиялық, деректік негізі жаңаша түледі. Өткеніміздің ғылыми келбеті «актандақтан» арылды, қиянатқа ұшыраған тұлғаның есімі мен ісі халқымен қайта қауышты, тарихи ой-сана дұрыс қалыптасуда, ұлттық тарих пен ғылымның халықаралық танымалдығы артты. Рухани жаңғыру жайлы мақалада: «Біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық»,

РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



— делінген. Жанашыл да жасампаз тарихшы ғылымдар осы құрсауды бұзды. Сонысымен жас пен көрінін азаттыққа адалдығын, жер мен тілге құрметін, азаматтардың бірлігі мен ынтымағын, тәуелсіздіктің интеллектуалдық іргетасын нығайтты.

«Еленте әркімнің де бар таласы» дегендейін, ұлттық тарихымызға басқа сала мен мамандық иелерінің ден қоюы үлкен құбылысқа айналып отыр. Арасында әуесқой да, әуесқой емес те, терең ойлы да зерттеуші бар. Бұлар — тарих ғылымы мен ғалымдарының құрамдас бөлігі.

Елбасымыз бүгінгі замандастарымыздың жетістігі тарихына назар аударуды ұсынғаны белгілі. Бұл идеяны «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы арқылы іске асырғанды жөн санап отыр. Осы орайда «жаңа есім» мәртебесіне лайық 100 тарихшы ғалым жайлы кітап шығаратын уақыт келді деп білемін.

Қазіргі тарих ғылымында кінарат жоқ деген ойлан аулақпын. Ақиқаттан ауылы алыс, сана мен жүрекке берер нәрі жоқ, ойсыз шатылған кітап жетіп артылады. Кейбіреуінің авторына Нобель сыйлығының сайкымазақ нұсқасы Шобель сыйлығын беруге болады. Ғалымдардың атына орынды-орынсыз сын да айтылуда. Қалай десек те, шын сыннан қорытынды шығарудың реті келіп тұр. Біріншіден, уақытты ұттырмай, рухани жаңғыру бағдарламасы аясында тарих ғылымының әлемдік кеңістігіне ену жолын таппақ жөн. Бұл үшін қазақстандық шеңберден шығып, тарихи зерттеу жобасына халықаралық конкурс жариялау керек. Бәсекелік орта адамды ширатады.

Екіншіден, ең бастысы — жоба нәтижесі іргелі монография, оқулық, құжат жинағы, соны жаңалық түрінде қалың оқырман құзырына ұсынылғаны. Бұған дейін жоба өкілетті органға есеп берумен аяқталып келді. Өзін ақтамаған осынау тәжірибеден қол үзген жөн.

Үшіншіден, жобаның орындаушысын анықтағанда ҒЗИ-ға басымық берген дұрыс. Біз ЖОО-ның қабілет-қарымына сенбей отырған жоқпыз. Үлкен педагогикалық жүктемемен жүрген профессор-оқытушы ғылыми жобаны дер кезінде әрі сапалы орындай алмай қалуы бек мүмкін деген қауіміз бар. Көз жеткізу үшін эксперимент жүргізе, артықтық етпейді. Мәселен, бір жобаны екі ұжымға — ҒЗИ мен ЖОО тарихшыларына беріп, қайсының нәтижесі өрелі екенін анықтау арқылы.

Төртіншіден, ғылым кеңістігінде ағылшын тілі үстемдік құрып тұрғандықтан үздік тарихи зерттеуді ағылшыншаға аударудың мүмкіншілігін арттырған абзал. Ұсынысымыз «Қазақстан-2050», Үшінші жаңғыру стратегияларымен үндесіп тұр. Алдағы 10-15 жыл бойы осы мақсатқа мемлекет қаржы бөлсе, әлемдегі интеллектуалдық танымалдығымыз артары сөзсіз. 2030 жылдан бастап тарих ғылымына шет тілін еркін меңгерген маман келумен мәселе өзінен өзі шешіледі.

Бесіншіден, нарықтың көздегені мен өлшемі — табыс. Гуманитарлық ғылым иесінің табысы, айлығының мөлшері еш сын көтермейді. Тарихи зерттеуді коммерциялау тегіпін әзірге ешкім таппақ жоқ. Сондықтан тарих ғылымын нарыққа жығып бермеу үшін мемлекет тарапынан шұғыл шара қолданылмаса, бүгінгі әлеуетті сақтап қалу, ғылымға талантты жастарды тарту қиынның қиыны болғалы тұр.

Алтыншыдан, ғылымның көсегесін көгеретін фактор көп. Соның ішінде екеуі аса маңызды: бірі — ғылымның ішкі сұранысы, өзекті зерттеуді қажетсінуі, екіншісі — билік тарапынан мемлекеттік ғылыми тапсырысты біліктілікпен түзуі. Екеуі тепе-теңдігі мен үйлесімін тапқанда интеллектуалдық серпіліс туады.

Өкінішке қарай, қазіргі тарих ғылымында таразы басы тең емес. Тарихшылардың, яғни төмендегінің, сұранысы да, ұсынысы да баршылық. Тұтастай алғанда, қандай тақырыпты зерттеу керектігін әрбір ғалым өзінше анықтауда. Ғалым атын жамылған насихатшылар мен сумақайлар бар екенін

ескерсек, олардың жобасы қаракан басының қамынан аспайтынын мойындауымыз керек. Ал жобаның озығын қолдауға, тозығын сылып тастауға жоғарыдағы Ғылым комитеті қауқарсыз, Ұлттық ғылыми кеңестің мүмкіншілігі шектеулі. Ғылым комитеті ғылыми жобаны ұсына да, іріктей де алмайды, яғни мемлекеттік тапсырыс беруден тыс қалған. Ішкі құрылымы нақты ғылым саласымен айналысуға бағышталмаған. Ұлттық ғылыми кеңес тәуелсіз эксперт жобаға қойған бағадан асуға құқығы жоқ. Түптеп келгенде, ғылымға мемлекет атынан басшылық жасайтын өкілетті орган бар болғанымен оның құзыреті міндетіне сәйкес емес. Ендеше, қазіргі тарих ғылымындағы жасампаз әлеуеттің толық ашылмауына басты себеп — оны ұйымдастырудың, іргелі нәтижеге жетудің мемлекеттік моделі түзілмегені. Қоғамдық-гуманитарлық ғылым биліктің араласуын мейлінше азайтуды талап ететін экономика, кәсіпкерлік емес. Бұл салада билік пен интеллектуалдық элитаның одағы мен бірлесе қимылдауы мейлінше маңызды. Әзірге ақиқаттың қисынынан ғылымның қалауы үстем түсуде, ғылыми жобаның өзара байланысы мен сабақтастығы сақталмай, ала-құла ізденіске жол ашылуда. Бас-басына би болғанның кері ғылымды басиесіз қалдырды, жемқор мен сумақайдың күні туды.

Ахуалды тез арада сауықтындырмаса, рухани жаңғыру құр жаңғырыққа айналып кету қаупі бар. Менің ойымша, «Ғылым туралы» Заңға тиісті өзгеріс енгізіп, ғылым министрлігін бөлек шығару қажеттілігі өбден пісіп-жетілді.



Жаңа өкілетті органның ішкі құрылымы бұрынғы Ғылым академиясының бөлімшесіне мейлінше жақын болғаны жөн. ҰҒА академиктері мен мүше-корреспонденттерінің ғылыми жобаға алын ала сараптама жасаудағы рөлін күшейтуден еш ұтылмаймыз.

Дербес ғылым министрлігінің қажеттілігін жалаң статистикадан да байқауға болады: ғылыммен 20-25 мың адам айналысады, ал білім саласындағылар бұдан жүз есе көп. Әрине, жүздің жырымен жүрген министрліктің бір пайызға бөлер уақыты да, күш-қуаты да бола бермейді. Иә, біреу үшін біз қазір бір пайыз ғанамаз, бірақ сол бір пайыз да жүз пайыз ықылас пен қолдауға зәру.

Ең бастысы — Елбасы ұлықтаған рухани жаңғырудың таяу жылдардағы алтын міндет-жобасымен *«Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру, «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаңадағы заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім»*) қоғамдық-гуманитарлық ғылымның, оның ішінде тарих ғылымының да аясы шектелмеуі керек. Тек осы жобаға ғана қаражат бөлінетін болса, біраз мамандықтан айырылып қаламыз. Мақаланың егжей-тегжейлі бағдарлама емес, бағдар екенін қаперден шығармайық.

Рухани жаңғыру ұзақ уақытты талап етеді. Оған септесетін тарих ғылымы бір қадам болса да үдерістің алдында жүргені дұрыс. Үзіліссіз жұмыс істеуге даяр адами капитал бар. Соны ұқсастатын саясат пен билікке сұраныс күн санап артуда.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
ҰҒА академигі





Форум

Жас қазақ:
Алматы қаласындағы дінаралық толеранттылықты қалай бағалайсыз?

Александр Суворов: Еліміздегі дінаралық татулық туралы айтар болсам, ең бастысы, мемлекет тарапынан діндер арасындағы бірлікті сақтауға барлық жағдай жасалып жатыр. Біздің мемлекет ешбір дінді бөлмейді, барлығына тең қарайды. Еліміздің барлық дінді құрметтеу саясаты — бүкіл әлем елдеріне үлгі десем қателеспеймін. Ең алдымен, ұлан-байтақ жері, көпұлтты халқы бар еліміздегі дінаралық және этносаралық толеранттылық

Александр әкей:

«ДІНИ САУАТТЫ АДАМ ДҮМШЕ БОЛМАЙДЫ»



жанадан ғана пайда бола қалған жоқ. Қазақ халқының өткен ғасырларда көшпелі өмір салтын ұстанғаны белгілі. Осы арқылы ол басқа халықпен байланыс жасауды үйренді. Қазақстан жері өзге ұлт пен ұлысқа қонақжайлық пейіл таныта білді.

Тіпті Кеңес үкіметі заманында Қазақстанға солақай саясаттың салқынымен еріксіз келген халықтардың өзі жергілікті ұлттың мәдениетімен, тілімен, салт-дәстүрімен таныса отырып, қазақ халқымен тіл табысып, өткен дәуірдің ыстық-суығын бірге көтеріскенін әлемдегі барша мемлекеттерге үлгі етуге болады. Осылайша, ежелден-ақ біздің елде этносаралық және конфессияаралық толеранттылық қалыптасты. Бүгінгі таңда Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында куәлі дін өкілдерін бір орталыққа жинап, үн қатысуға, татулыққа шақырудамыз.

Елбасымыз үнемі айтатындай, Тәуелсіз Қазақстанның ең маңызды игіліктерінің бірі — ішкі саяси тұрақтылық пен оның құрамдас бөлігі — ұлтаралық және конфессияаралық келісім.

Жас қазақ: Александр мырза, дінаралық тұрақтылықты нығайту үшін қала тұрғындары не істеуі қажет?

Александр Суворов: Ең бастысы, адамдар белгілі бір стереотиптерден аулақ болуы керек. Ол дегеніміз не? Қазір өздеріңіз көріп отырғандай, БАҚ-нан жарылыс, террорлық шабуыл, болмаса өзін-өзі жару сынды ақпарат ашық таралуда. Сондай-ақ ислам дінін танымайтын адамдар арасында мұсылмандар туралы жағымсыз пікір қалыптасуда. Ал православиелік дін туралы «Өте ескі көзқараста қалып қалған дін» деген сынды ақпарат бар. Міне, осының бәрі стереотип. Сондықтан осы стереотиптерін арылып, бір-бірімізді жақын тану үшін өзара қарым-қатынас керек. Осы мақсатта Алматы әкімдігі дінаралық татулықты насихаттап, қоғамға дұрыс бағыт-бағдар беретін қоғамдық кеңес

Егемендігіміздің алғашқы жылдарынан бастап біз зайырлы, демократиялық ел ретінде барлық дінге есігімізді айқара ашып, олардың жұмысына қолайлы жағдай жасап келеміз. Бұл — біздің әлемдік қауымдастықтан, лайықты орын алуымызға мүмкіндік беретін қажетті қадамдардың бірі. Италияндық философ Томмазо Кампанелла «Дін — магиялық күшке ие. Өйткені ол адамдардың рухын біріктіреді немесе бөлінушілік пен қирату құралына айналуы да мүмкін», — деген екен. Қазіргі дін аралық татулық қалай сақталуда? «Діндер арасындағы толеранттылықты одан әрі нығайту үшін не істеуіміз керек?» — деген сұраққа Алматы қаласындағы Вознесенский шіркеуінің дін қызметшісі Александр Суворов жауап берді.

«бұзу» дегенді білдіреді. Ал жат идеологияның ықпалына түскен азаматтар өз елінің діни-рухани мұрасынан бас тартып, адамгершілік, жанашырлық, отансүйгіштік секілді қасиеттен алшақтай бастайды. Олар діни негізде отбасынан, қоғамынан, тіпті мемлекетінен оқшаулана бастайды. Жалған діни ұстанымның жетегінде кеткендер бір қоғамда ыық тіресіп өмір сүретін өзге конфессия өкіліне де, діни көзқарасы ерекшеленген қандасына да жек көрушілік танытады. Мұндай адамдар өз Отанынан баз кешіп, оған қарсы қару көтеруден де тайынбайтын жанкештілік жолын таңдауы бек мүмкін.

Кез келген ұлттың мәдени ерекшелігі — ділі, дүниетанымы мен руханияты өзінің дәстүрлі дініне негізделіп қалыптасады. Яғни дін — жеке тұлға мен тұтас бір қоғамның рухани тұтастығына тікелей әсер ететін өте нәзік құбылыс. Қате діни түсінік пен бұрмаланған идеяның қоғамда таралуы салдарынан адамның тұлғалық азғындауы, шаңырақтың шайқалуы, тіпті айрандай ұйып отырған халықтың бөлшектенуі секілді қайғылы жағдай орын алады. Сондықтан елдегі дін және сенім мәселесін тиімді реттеудің бірден-бір жолы — діннің қоғамдағы беделін көтеріп, рухани құндылықты белсенді насихаттау. Сонымен қатар көп этникалы әрі көп конфессиялы қазақстандық қоғамда дінаралық үн қатысуға негізделген өзара ынтымақ пен келісімді сақтау үшін мемлекеттік орган мен барлық әлеуметтік институт ұжымдаса отырып, әрекет етуі қажет.

Менің ойымша, сондай-ақ әрбір адамға терең білім керек. Ол үшін жастарымыз өзін-өзі өлтірудің, отбасының шырқын бұзудың ешқандай дінге қатысы жоқ екенін түсінуі керек. Дінді жамылып жауыздыққа бару — бұл нағыз адасқан адамның әрекеті. Осындай адасқан жастарымызды белгілі бір топ өз мүддесі үшін басқарып отырғанын білеміз. Олармен бүкіләлемдік күрес те жүргізіліп

деңгейдегі өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Деструктивті, радикалды ұйымдар өз жақтастарын көбейту мақсатында өз идеясының дұрыстығын діни тұрғыдан дәйектеп халық арасында кеңінен таратуда. «Деструктивті» деген сөздің өзі «бүлік салу»,

жатыр. Бірақ соған қарамастан, қаншама жастарымыз деструктивті діннің жетегінде жүр. Діни сауатты адам дүмше болмайды. Бұл өз алдына үлкен мәселе.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Алматы қаласы

Ігі шара

Алматы қаласындағы Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде 7 шілде күні «Ел жүрегі – Астана» немесе «Асыл мұра» деп аталатын қаладағы 50-ге жуық мешіт жамағаттары арасында жаңа спартакиаданың тұсауы кесілді. Алматы қаласының Бас имамы Нұрбек Есмағанбеттің бастамасын Алматы қаласы әкімдігі қолдап, еліміздегі жалғыз ислами жоғары білімнің қара шаңырағында ұйымдастырылды.



Қасиетті жұмадағы намаздан кейін Нұр-Мұбарак ауласына тігілген ақшанқан киіз үйлер түнілігін түріп, қонақ күтіп алуға әзірленсе, әрбір спорт алаңы өз жеңімпазын асыға күтіп тұрды. Алғаш рет ұйымдастырылған бұл жарысқа Алматы қаласының 50 мешітінен 1500 қатысушы қатысты. Астана күніне орайластырылған бұл ұлттық спорт спартакиадасы ең алдымен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаевтың құттықтау сөзімен басталды. «Баршаныңыз еліміздің мерекесі Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын! Елбасымыздың осыдан 19 жыл бұрын нар тәуекелге барған көреген шешімінің арқасында Арқаның төсінде Астана дейтін керемет сәулетті қала тұрғыздық. Астананың төрінде әлемнің барлық

алаңына бөлініп, арқан тартыс, гір тасын көтеру, қойды ыыққа салып отырып-тұру, асық ату, қазақша күрес, арқан тартыс сынды көптеген ойындардан өзара бақ сынады. Ал аланның бір шегінде бой түзеген киіз үй мен шатырларда жұртшылыққа тегін ыстық тамақ пен сусын, шай берілсе, балаларға арналып қызықты ойындар ұйымдастырылды. Алматы қаласы орталық мешітінің бас имамы Нұрбек Есмағанбеттің айтуынша, мұндай шара алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Осындай игі бастама



СПОРТ БІРЛІККЕ ШАҚЫРАДЫ



діни өкілі екі жылда бір рет жиналып, арнайы жиын өткізіп жақсылық пен бейбітшіліктің мәселесін талқыға салды. Қазіргі таңда Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Асыл мұра» атты жоба бастағалы отырмыз. Мұндағы мақсат — қалың бұқараның спортпен айналысуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Сонымен қатар қаламыздың 48 мешітіне жиналатын жамағаттың спорттық салауаттылығын жоғарылату» — деді Арман Қырықбаев.

Салтанатты шараны қазақтың күмбірлеген күйі, әсем әні мен тағылымды термесі жалғастырып кетті. Ал жамағат өкілдері түрлі спорт

жамағаттарымыздың бір-бірімен етене араласуына керемет мүмкіндік болуда. Бұл шара жылдың соңына дейін жалғасатын болады. Жарыс жеңімпазы мен жүлдегеріне мерекелік шара ұйымдастырушыларының атынан бағалы сыйлық табысталды.

Қошқар көтеруден жүйрік атанған қатысушы Жасұлан Қолтықбаев «Дайындықсыз қосқарды жеңіп алу оңай емес. Алайда жүкші қызметін атқарамын. Мен үшін бұл үйреншікті жаттығу десем болады. Осыныша қатысушының ішінен жүйрік атанамын деп ойламадым. Бірақ, мен одан да көп көтере аламын. Мереке ұнады, бұл спорттық шара керемет көңіл-күй сыйлады. Ұйымдастырушыларға алғысым шексіз», — деп тілек білдірді.



Бұл пікірді «Нұр-Мұбарак» университетінің ректоры Шамшадин Керім де қостады: «Шара Астана күніне орай ұйымдастырылып отыр. Біздің діни жамағатымыз-ең белсенді топ. Олар тек намаз оқып кетпейді. Қаланың барлық өміріне араласады. Жамағаттың ішінде әкім де, студент те, белсенді өкілдер де бар. Жамағатымыз спорт шараларына, оқуға, білім алуға белсене атсалысады. Сондықтан олар біздің елімізде болып жатқан барлық жаңалыққа бей-жай қарамайды. Астана күні де біз үшін ерекше. Осындай шара көбейе берсін».

Атап өтсек, «Асыл мұра» бірегей бағдарламасы Алматы мешіт қызметкерлері арасында бұқаралық спортты дамытып, дәріптеуге бағытталған. Алматы қаласы дін істері жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен өткен шара алдағы уақытта да жалғасын тауып, ұлттық спортты дәріптейтін болады.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Өмірдің өзінен

Жуырда 4 шілде күні Орал қаласындағы «Мой город» тәуелсіз газетінде «Суретші Сәкен Ғұмаровтың жұбайы хосписте өмірін өткізуде» деген мақала жарияланды. Мақалала зейнеткердің Батыс Қазақстан облысының Зеленов аудандық ауруханасының медбикелік күтім бөлімінде 4 айдан бері жатқаны айтылып «... пенсионерка поступила к ним с обширными пролежнями, неизможенная и истощенная от голода до такой степени, что не могла даже говорить» — деп жазылған.

Суретші Сәкен Ғұмаровтың жесірі Гүлсара Ғұмарованың ауруханада жатқаны рас. Бірақ 4 ай емес, 5 айдан бері осында. Суретшінің көзі тірісінде елдің алдында жарқырап жүрген сұлу әйелдің бүгінгі халі мүшкіл. Неге? 30 жыл бойы Орал қаласынан табан аудармай сурет салуды ғана білген бекзат қылқалам шеберінің отбасы неге ойран болды? Ұрпағы неге азып-тозып кетті? Елге сыйлы азаматтың шаңырағы неге ортасына түсті? Оралдағы мәдениет қызметкерлерінің жылдар бойы онаша сыбырласып келген осы сұрақ төңірегіндегі қолайсыз әңгімесі, яғни «асқынған жара пісіп, жарылды» бүгін.

СӘКЕН ҒҰМАРОВ КІМ?

Сәкен Ғұмаров 1937 жылы Нарын құмында дүниеге келген. Оның бойына туған еліне деген ыстық махаббат, шыдамдылық, кербез бекзаттық пен сұлулық осы құмнан дарыған сияқты. Өмірінің соңғы жылдары сол туған



жеріне сағынып оралып, жалғыз өзі Нарын құмын кезіп, өзіне ғана аян бір жан тербелісін басынан кешіп еді... Өз елінде белгісіз суретшіні алғаш таныған Мәскеу болды. Одан әрі Челябин, Киев, Ялта, Сочи, Вильнюс қалаларында болған көрмесі оның атағын бір-ақ күнде аспанақ шығарды. Мәскеудің зиялылары аузын ашып, көзін жұмды. Мәскеудегі Лунчаарский атындағы мемлекеттік театр және өнер институтында (ГИТИС) және Ленинград қаласында музыка, театр, кинематография институтында (ЛИГИТМИКС) оқыған Сәкен оларды өзінің дүниетанымының тосындығымен, жұмбақтығымен, жанының тұңғық тереңдігімен, көп қазаққа тән емес, көзге бірден ұрып тұратын ерекше аксүйек қалпымен, асқан білімдарлығымен танқалдырды. Шетелдің, орыстың небір атакты театр, кино, қылқалам шебері, үкімет мүшесі тамсана отырып, ол туралы, оның картинасы туралы керемет пікір жазды. Сен қозғалды, Орал шенеуніктері Сәкен Ғұмаровты қатарға қосты... Президентті қарсылауға өздерімен бірге алып шығып, «Міне, біздің Оралда осындай талант иесі бар» — деп көрсетіп, мақтанатын болды. Қараша халық та біліктен соққан жылы леппен бірге өзгеріп, құбылып, енді Сәкенге иіліп амандасып, онымен санасқа бастады... Бірақ Сәкен ғана өзгермеді!

Ол бұрын өзін күресінге итеріп тастаған билікке қыр көрсетіп, бұйра шашы желбіреп, әдемі сакалын тарақтап, таспигын жарқыратып, әкімшіліктің алдында әлсін- әлі мыңынан күліп қойып, кербез басып, әрі- бері жүріп, қылдыратын суретші сол қалпында қалды. Өзін мақтағандарға сынай қарап, сол баяғы бекзат қалпынан айнымады.

Бұрынғы қоңырқай тіршілік бір-ақ күнде өзгеріп, өмір керемет арнаға бұрылды. «Оралда мынадай суретші, ерекше ғажап алам бар ма еді?» — деп қатты танырқаған бұрынғы Парламент депутаты, академик Виктор Киянский оның жан досына айналды. Суретшінің шексіз білімдарлығына бас иіп, аузынан шыққан әр сөзін бағып, оның әңгімесін диктофонға жазып алып отырды. Кейін ол туралы кітап жазды, артында қалған картинаны жинақтап, альбом шығарды.

СӘКЕННЕН КЕЙІНГІ КҮЙРЕУ

Алайда жылдар бойы күткен жұлдызды сәтпен қауышқан суретші ұзақ өмір сүрмеді. 1995 жылы жүрек талмасынан өмірден озды.

Гүлсара десе, Гүлсара еді-ау, шіркін!..

Оның әжім торлаған жүзінде, мұң ұялаған жанарында көп сыр жатыр. Жас кезінде һас сұлу болғаны, жігіт сұлтанының сүйіктісі, бақытты, тәтті ғұмыр кешкені аңғарылады. Бүгінгі хәлі адам аярылықтай болса да, бұрынғы сүйкімді болмысынан жұрнақ қалғандай. Мәлдір қара көз мұңға малынған. Айдай ажар айғызға толы. Адам айтса сенбейсіз, ал біз көзбен көрген соң иланып отырмыз. Осыдан ширек ғасыр бұрын Оралда Гүлсарадай сұлу, кербез келіншек аз еді. Сол аздың орнын жалғыз Гүлсара толтырып, паңдана аяқ басатын. Сөйткен, сұлудың бүгінгі кейпі мынау: бұрынғы әдемі ажар да, бардам өмірдегі базар да жоқ...

Артында жары Гүлсара Уәлиқызы, қызы Акмарал және жиендері қалды. Суретшіге берілген шеберхана енді оның мұражайына айналды. Үдік картинасы қойылған мұражайға жан жары Гүлсара Уәлиқызы менгеруші болды. Мұражай облысқа келген қонақтарды апаратын мақтауды орынға айналған. Суретші туралы көп айтылды, көп мақталды. Оның шаңырағын көргісі келетін қонақтар мен көрермен пайда болды. Картинасы мыңдаған долларға сатыла бастады. Міне, меніңше, отбасының берекеті де осы тұста қаша бастаған сияқты. Елдің ілтипаты, еске алу кеші, үйдегі ұзақ таңға созылған көңілді отырыс, Гүлсара Уәлиқызының жұмысқа беріліп кетіп, бала тәрбиесіне көңіл бөлмеуі, Сәкен «ұлым» деп өзінің атына жаздырып алған кішкентай ұл көше балаларының ықпалына түсіп кеткені, отбасы мүшелерінің жақсы мен заманның аражігін ажырата алмай қалғаны суретші шаңырағының күйреуіне әкеліп соқты.

ЖАРАСЫМДЫ ЖҰП ЕДІ...

2000 жылдың басы. Суретшінің атағына сенген жалғыз қызы Акмарал Сәкенқызы Алматыға аттанды. Арманы шексіз еді. Ол Алматыда көрме өткізіп, әкесін бүкіл Қазақстанға, одан әрі шетелге танытқысы келген. Алматыда өзі нәзік, күндей жарқыраған сұлу қызға атакты суретшінің ұлы кездесті. Екеуі ойланбастан шаңырақ көтерді. 2002 жылы Алматыға барған мені қарсы алып алған еді сол екеуі. Жарасымды жұп еді. Олар әлсін-әлсін картина әкету үшін Оралға келетін. Күйеу бала картинаны шетелге алып шығу және сату құқығына ие болды. 200-ден астам картина Алматы асып, із-түссіз ғайып болды... Екеуі де жұмыс істеген жоқ. Бір картина бірнеше мың долларға сатылып жатты. Қымбат мейрамхана, ішімдік, дәмді ас, еш уайымсыз ток өмір Акмаралға бастапқы мақсатын ұмыттырды.

АРМАНЫ АСҚАҚ ЕДІ

2008 жылдың басы. Аяғынан жүре алмай қалған Гүлсара Уәлиқызын бір апта бойы дәрігерге апарып, емдетіп жүрдім. Сол күндердің бірінде Алматыдан Акмарал телефон шалды. «Ұлдай, менің жағдайым нашар. Жолдасым тастап кетті... Үйімді кепілге қойып, қайта-

шалып, Акмаралдың жеке куәлігі жоқ екенін, сол себептен оның денесін елге жеткізу мүмкін болмай жатқанын айтты. Астанаға Парламент депутаты Виктор Киянский мен Шафхат Өтемісовке телефон шалдым. Олар Алматымен байланысып, ұшаққа салуға рұқсат алып берді. Қарлы-жаңбыры сол күн әлі есімде. Ұшақ Оралға қона алмай, Атырау асып кетті. Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының бастығы Айдар Батырханов бастаған біз күні бойы әуежайда болдық. Алланың әмірі ме, Орал бірден қабылдамаған қыздың денесі Атырауда бір түнеп, екінші күні кеште ғана жетті Оралға...

Міне, сол күннен бастап бұрыннан да мәз емес отбасының берекеті әбден



Жазмашының жазуы



қайта сұраған соң жеңгеме 25 мың доллар несие алып бергем. Ол кісі төлемей жүр. Сататын картина бітті, үйдін жайығын, телефонды кесіп тастады. Ішетін тамағым жоқ... ашпын... Көршім Наташаның үйінен телефон шалып тұрмын. Келіп, мені алып кетші... Бірақ мамма ештене айтпа» — деді жылап. Шошып кеттім. Сол кезде мен де қаражаттан қиындық көріп жүргенмін. Гүлсара Уәлиқызына «Акмарал ауырып жүрген сияқты. Маған ақша беріңіз, оны алып келейін Оралға» — дедім. Апам: «Қой, ойбай, менде ақша бар ма?» — деп шошып кетті. Ақша іздеп жүргенімде арада біраз уақыт өтті. Таппалдым. Сонан соң есіме Алматыдағы суретші Ерсайын Жапактың түсе кеткені. Інісі Әділбектен телефонын алып, танымасам да тәуекел деп байланысқа шықтым. Ол кісіге жағдайды түсіндіріп, Акмаралды тауып алуын, көмектесуін сұрадым. Себебі олар таныс еді. Бірақ Ерсайын оны таба алмады, табуға үлгірмеді...

2008 жылдың наурыз айының басында Алматыдан қаралы хабар жетті. Акмарал асылып қалыпты. Жан баласына жамандық ойламайтын, өзін атайын деп тұрған адамды құшақтап сүйетін ақ жүрек қыз еді, өзін өлімге киыпты. Шалқып жүріп, бір-ақ күнде мүсәпір халге түсірген тағдырдың мазағына шыдамады... Адамзат баласы туралы жаман ойламайтын, өмірде небір сұрқиялық пен сатқындықтың барын түсінбеген жаны пәк қыз еді, әттең қасындағы адамның жемтігі



кетті. Акмаралмен жарасымды жұп болған алматылық күйеу де өмірден өтті деп естідім... Өмір бойы жұмыс істемеген бала, күйеуден қайтып келген жиен қыз ойына келгенді істеуде бүгінгі күні... 2010 жылы Гүлсара Уәлиқызы мұражайдан жұмыстан шығарылды. Көзінің тірісінде суретшіге басыбайлы деп берілген шеберхана ол өмірден озған соң мемлекеттің меншігіне айналып шыға келді. Суретшінің мұражайға айналған шеберханасында оның жарына орын болмады. Бұл сол жылдардағы облыстық мұражай басшылығы мен жергілікті билік тарапынан Гүлсара Уәлиқызына көрсетілген орны толмас әділетсіздік еді.

Сол күннен бастап Ғұмаров әулетінің қоршаған ортамен, қоғаммен байланысы мүлде үзілді. Қазақта «Бас жарылса, бөрік ішінде» деген мақал болушы еді. Суретшінің жары өз қайғысымен, өз қиындығымен онаша қалды. Не сұмдық болса да үй ішінде болып жатты... Олар сырттан барған бізді қабылдамады, үйіне кіру мүмкін болмай қалды. Сәкеннің туған қарындасы Әлия Мұхамеджанқызы екеуіміздің анда-санда көрсеткен аз ғана көмегіміз қиындықты шешпеді.

тілемес едім. Апамыз тәсіл қалтыра жатыр екен. Күр сүйегі қалған, есін білмейді... Ауруханаға жатқызуды сұрап, дереу Батыс Қазақстан облыстық (БКО) денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлнәр Мақсотқызына телефон шалдым. Ол кісі кезекке тұрмай, ауруханаға ешкімді ала алмайтынын және қартайған, қарайтын адамы жоқ адамды («Мой город» газеті «хоспис» деп жазған) Зеленов аудандық ауруханасының медбикелік күтім бөліміне ғана жібере алатынын айтты. Келістік. Ол жерде біз аурухананың қандай екенін емес, адамды ажалдан аман алып қалуды ғана ойладық. Жергілікті дәрігер Б.Қуанышқалиева мен медбике Д.Неталиеваны шақырттық. Сөйтіп, ес-түссіз, өлім аузында жатқан апамызды қаладан ауданға аттандырдық. Ас-су ішіп, әл жинаған әжесін Наурыз мерекесінің алдында жиендері ауруханадан шығарып алады. Бір апта өткен соң барсақ, басын көтеріп, отырып, сөйлеуге жараған апамыз қайтадан нашарлап қалыпты. Қайтадан жан-жаққа қонырау шалу, қайтадан жалыну...

www.jasqazaqlz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

болды. Ашы суға салынып, аласқан қызға біз де біле тұра қол ұшын бере алмадық.

Алматыдан бұрынғы күйеуі телефон



Биыл ақпан айында Әлия Мұхамеджанқызы хабарласып, Гүлсара Уәлиқызына барып қайтуымды өтініп

20 наурызда ауруханаға қайтадан ессіз-түссіз түскен Гүлсара Уәлиқызының қазіргі жағдайы жақсы. Артынан барған Әлия Мұхамеджанқызы екеуімізбен әзілдесетін жағдайға жеткен. Ендігі мәселе — ол кісінің алдағы тағдыры қандай болмақ? Біз ақпан айында БКО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Діллә Ысқақовқа жолыққанбыз. Ол жерде Гүлсара Уәлиқызының өз үйінде жағдайы болмайтыны, ол жердің денсаулығына қауіпті екені айтылып, оны қарттар үйіне орналастыру туралы әңгіме көтерілген еді. Бірақ құқықтық жағы, басқасы бар, ол да тез шешілетін ондай мәселе емес екен. «Зейнетақымыз да ала алмаймын» — дейді кейуана. Сол себепті осындай күйге түскен апамыз көзі жәудіреп аты жаман әлгі ауруханада әлі жатыр.

Гүлсара апамыз зейнетақысын жиендері емес, өзі алғысы келетінін айтқан бізге. «Жеке куәлігім де жиендерімнің қолында. Инспектор Сәбит Абайұлының өзі ала алмады олардан» — деп мұң шақты. Бүгінде мұражай қорында суретшінің 14 картинасы бар. Оны сатып алғысы келген облыстық мұражай апамыздың төсектен тұруын күтіп отыр...

Интернетте 8-10 мың долларға сатылып жатқан (алып-сату) суретшінің бір картинасын 100 мың теңгеге ғана алғысы келеді... Ал жергілікті билік Ғұмаровтың отбасын ұмытқалы қашан? Оны суретші өмірден озғалы осы шаңырақпен байланысым үзілмеген менен артық кім біледі?!

БЕКЗАТ СӘКЕННІҢ СҮЙІКТІСІ

Өмір бойы өзінен-өзі үйренген, аса білімді, ағысқа қарсы жүзген, дүниетанымы тым тосын қылқалам шебері Сәкен Ғұмаровтың шаңырағы ойран болу алдында. Ол үйдегі бар берекет баяғыда-ақ бекзат Сәкенмен бірге келмесе кеткен. Оны бір көрген адам еш ұмыта алмайтын. Сондай бақытты сәтті мен де басымнан кешіргенмін. 1993 жыл еді. Сән-салтанаты жарасқан суретшінің үйінде оның әңгімесін тыңдап, Гүлсара апамның тәтті шайын ішіп, бір күнді бірге өткізген едік үшеуіміз. Бұл суретшіні алғаш және соңғы көруім екен. Мен сол күні кереметті көріп едім көзімменен. Қайтарда Сәкен ағаның мені шығарып салып тұрып, сәл еңкейіп қолымнан сүйегінін, сол сәтте



сұрады. Олар бұған дейін де барып тұратын. Сол үйде көргенімізді жан баласына

оның бұрыл бұйра шашынан сәбидің жұпар ісі аңқып, есімнен тандыра жаздағанын, саласы саусақтарының қызуы алақанымда ұзақ тұрғанын, дәл бүгін болғандай басымнан кешетінім қандай ғажап?! Осындай бекзат адамның махаббатына өмір бойы ие болған Гүлсара, бір кездегі қасы-көзі қарлығаштын қанатындай хас сұлу Гүлсара, панбарқыт ұзын көйлегі жер сызып келе жататын, сәні мен салтанаты елден асқан Гүлсара, Сәкеннің аяулы жары Гүлсара Уәлиқызының бүгінгі хәлі жүректі қан жылатады. Бұған не амал бар? Жөк шығар, бәлкім. Тағдыр жазуы осы болса не шара?!..

P.S.

Сәкен Ғұмаров өз тағдырын салған суретші сияқты. Оның картиналары көркем, бірақ тақырыптық жағынан дәстүрлі классикалық қалыңқа сыймайтын, қазақы болмыстан алашақ туынды. Оның сызбаларында кісіге үрей салатын қара түс, тылсым бояу басым. Кейбір картинасы адам тағдырына арналғандай: сыршылы, жұмбақ сызба.

Ұлдай САРИЕВА,
журналист
Орал қаласы
(Арнайы «Жас қазақ» үшін)



www.jasqazaqlz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҰЛТ

Денсаулық

Есірткінің еліктіретін әдісі көп. Тура жолдан тайып кетсең, адасу деген аяқ астында. Еліктіргенде есінді алып, елің түгілі, туғаныңды танымай кетесің. Жастайынан есірткінің шырмауына түскен Аяғөздің *(аты өзгертілген)* жасы отызда. Ол есірткі дәмін өрте татқан. Алматы қаласының тумасы. Ата – әжесінің өркесі ешкімнен қақты-соққы көрмей мектеп бітіреді. Кейіннен косметикалық заттар сатып, 19 жасында пәтер мен көлік алады. Ақшасы да, досы да жетерлік еді.



Жастық шақтың мастығы, ақшаның буы Аяғөзді теріс айналып өтпеді. Кезінде еліктеймін деп, қазір есепсіз ем қабылдап жүр. Айтуынша, ажалмен арпалысатын кезі көп. Ол «Тұрмысымыз нашар болды. Сондықтан мектепте оқып жүріп, табыс таптым. 17 жасымда есірткі татып көрдім. Басқа әлемде жүргендей, адамың бәрі мейірімді болып көрінді. Ал есімді жиганнан кейін жүрек қағысымды жүйлетті. Көзім жасаурап, діңкем құртып болды, одан кейін достарым тағы да әкеліп, маған сата бастады. Осылайша, есірткі тузағына шырмала бастадым. Орталықта емделіп, екі жылдан бері ремиссияда жүрмін. Кейде қалтам қалындай қалғанда есірткінің құрығына маталамын. Бұрынғыдай емес. Есірткі тұтынғаннан кейін денем бірілдеп, қалшылап, ажалмен арпалысатын болдым. Тағы да емделуге тура келеді» — дейді. Есірткіге еліктеу есідік пе? Мүмкін, олар есірткі сатып мал жиған пысықайлардың құрбаны шығар немесе боркеміктер. Бұл дертті емдеудің қандай әдісі бар? Қоғамды нашақорлықтан қалай құтқаруға болады? Алдын алу жолы бар ма? Осы сауалымызды Алматы қалалық наркологиялық медициналық-әлеуметтік түзету орталығының бас дәрігерінің орынбасары Гүлмира Әбдібаева қойған едік.

— Гүлмира ханым, әлем жұртшылығын алаңдатқан нашақорлық дертінен жасөспірімдерді қалай құтқаруға болады?



— Жасөспірімдерді есірткі заттарына тәуелділік құрығынан құтқару үшін алдын алу шарасын күшейту керек. Мектепте, жоғары оқу орындарында есірткінің денсаулыққа зиянын, адам өмірін тозаққа айналдырып жіберетін зардабы жайында үгіт-насихатты үдету арқылы жастардың есірткі, психобелсенді заттарға қарсы иммунитетін қатайтуға күш жұмсауымыз керек. Нашақорлық есірткі және психотроптық заттарды қолдану нәтижесінде туындайтын азғаны физикалық және психикалық тәуелділікке ұшырататын қауіпті дерт. Осы нашақорлыққа ұшыраған адамның тек өзіне ғана емес, туған-туысы мен қоғамға да келетін зияны орасан зор. Себебі ол дерт — жұмысқа жарамды азаматымыз бен дүниеге болашақта ұрпақ әкелетін қыз-келіншектерімізді улайды. Осындай дертке ұшыраған ер-азаматтарымыз жұмысқа, Отан қорғауға жарамсыз боп қалса, қыздарымыз дені сау ұрпақты дүниеге әкеле алмайды. Ұлтымыздың болашағына қауіп төндіреді.

— Әрбір ата-ананы да мазалайтын бір сұрақ бар. Жастар есірткіге тәуелділік тузағына қалай тұтылады және одан шығар жол бар ма?

— Жалпы айтқанда, жасөспірімдерді есірткі немесе психотропты заттарды бір рет татып көруге итермелейтін фактор көп. Ол әртүрлі. Отбасындағы келенсіздік, ата-ананың баланың қайда жүргенін бақыламауы және оның ортасы, достарының ықпалы болады. Басқа да себеп жеткілікті. Емделушінің басым бөлігі өзінен есірткіні 14-18 жас аралығында алғаш пайдаланғанын айтады. Осы кезде алған әсерін

қайталауға деген қызығушылық пайда болып, психикалық тәуелділік ламиды. Ол есірткіні сатып алу үшін барлық айла-амалды жасауға кіріседі. Тіпті қылмысқа да баруы ықтимал. Ол есірткіні сатып алатын ақша табуды көздеп, үйіндегі заттарды сату, ұрлық-қарлық жасауға, алдап ақша алуға өзін-өзі мәжбүрлейді. Әрдайым «осы соңғы рет» — деп уәде беріп, өзінің есірткіге тәуелділік дертіне шалдыққанын мойындағысы келмейді. Есірткі орталық ми және жүйке жүйесін зақымдап, оның қызметін баяулатады. Адамның психикасы зардап шегеді. Ойлау қабілеті нашарлайды. Кейде елеспен арпалысып, сандырақтау сияқты психикалық бұзылыс пайда болады. Адам ағзасының басқа мүшесінің, әсіресе іш құрылысының да зиян шегетінін қосыңыз.

— Орталыққа емделуге келгеннің көпшілігі есірткінің қай түрін

ЕСІРТКІДЕН ЕМДЕЛДІ

пайдаланған? Жалпы есірткінің қанша түрі бар?

— Қазіргі кезде спайс, темекі коспалары, кристалл, JWH секілді аса қауіпті синтетикалық есірткі заттардан уланған жастар орталыққа жиі түсуде. Бұл — синтетикалық, химиялық коспадан құралған есірткі. Өндірушілер химиялық формуласын жиі өзгертіп отырады. Олардың құрамының ерекшелігі әртүрлі. Бір-біріне ұқсамайтын 1,5 мыңнан аса түрі бар. Ал олардың қауіптілігі жайында еңгіме бөлек. Темекі коспалары көлімгі шөптен жасалғанымен, олар синтетикалық есірткімен өңделген. Оны тұтынғанда бірден адам жүйкесіне әсер етеді. Түсініксіз сөйлейді, тілі күрмеледі. Ең сорақысы, нашақор түрлі жантүршігерлік елеспен алысады. Ол біреуден қашады, белгісіз дауысты естіп, соның бұйрығын орындайды. Кейде адам өміріне қастандық жасауы да мүмкін. Көпқабатты үйден секіріп кеткен жағдай кездесіп жатыр. Қысқасы, есірткіге елігіп, 3-6 сағатқа дейін адам өзінің не істегенін білмейді. Осы синтетикалық есірткіні қабылдағаннан кейін 20 минуттан кейін жүрек қағысы, қан айналымы күшейіп, нашақорды әлгіндей кісі шошитындай әрекетке итермелейді. Жүрек айнып, өзінің іс-әрекетін бақылауға дәрменсіз күй кешеді. Бұған қоса, бауырың қабынуы, бүйрек қызметінің тежелуі емделушіні дүңкелетеді.

Есірткінің зарлабын біле тұра, нашақордың одан бас тартуға ерік-жігерін билеп-төстейтін абстиненттік синдром пайда болады. Көпшілік оны «ломка» деп атайды. Бұл жағдайда нашақор есірткіні пайдаланбаса, буыны сырқырап, ас батпай, мінез-құлқы өзгеріп, ашуланып, күйзеліске ұшырайды. Дәрігер наркологтың көмегіңсіз үй жағдайында адамға тән азабынан арылту мақсатында дәрі-дәрмекті пайдалану, оның өміріне қауіп төндіретінін ескерген жөн. Сондықтан наркологиялық орталық мамандарының жіті бақылауымен жүргізілетін ем-шараға жүгінген дұрыс. Науқастың ағзасын медициналық дәрі-дәрмектің көмегімен есірткі немесе улы заттан тазартылып, психолог тұрғысынан да көмек көрсетіледі. Бұған қоса, науқастың ем-дом жасау кезінде жоғалтқан әл-дәрменін қалпына келтіретін медициналық препарат дайындайды. Алматы қалалық наркологиялық медико-әлеуметтік

сауықтыру орталығында мұндай ем-шара бір-екі апта көлемінде, әрбір науқастың ерекшелігін ескере отырып жүргізіледі.

— Абстинентті синдромнан айыққан адам екінші рет есірткіге қайта құмарлануы мүмкін бе?

— Абстинентті синдромнан құтылғаннан кейін емделушінің беті бері қарап, денсаулығы оналып, есін жияды. Тағы бір айта кететін жәйт, «Абстиненттік синдромнан кейін адам есірткіні енді пайдаланбайды. Тәуелділіктен құлан-таза айықты» — деген жаңсақ пікір бар. Өкінішке қарай, егер емделуші бұрынғы ортасына оралса, тағы да есірткіні тұтынуды жалғастырады. Себебі орталықта мамандар науқастың физикалық жағдайын қалпына келтірді. Мұны есірткісіз өмір сүре алмайтын адам оған тәуелділіктен емделуге алғашқы қадамын жасады деп айту керек. Абстинентті синдромнан кейін ең

манызды кешенді ем-шара есірткіге тәуелділік дертіне қарсы жүргізілетін процедура. Дәрігер нарколог, психологпен бірге емделушінің өзі және оның туысқаны бір кісіді жұмылып, маман тағайындаған әрбір емді ыждаһаттылықпен қабылдауы керек. Әрине, бұл зор шыдамдылық, кәсіби маманның білгірлігі, ұзақ мерзімді талап ететін өте күрделі процесс. Психолог емделушінің санасындағы есірткіге құмарлықты жою мақсатында күн сайын еңгімелесу, еңбек, сурет, музыка, әлемдік терапиясы арқылы өмірге құштарлығын ояту үшін түрлі ем-шара өткізеді. Өз ортасынан оқшауланып, еңбек ету қабілетінен айырылған, осы уақытқа дейін есірткіні бір татулы ғана ойлайтын науқасқа, әрине, психологиялық ем-шараны қабылдау оңайға соқпайды. Психолог олардың ата-анасын немесе әйелімен де күнелікті әрі үздіксіз семинар, тренинг ұйымдастырады.

— Нашақорлық дертінен құтылғанға тағы қандай қолдау көрсетіледі?

— Орталықта әлеуметтік қызметкердің де қосар үлесі бар. Олар қалалық халықты жұмыспен қамту орталығымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, емделушінің әрі қарай жұмысқа орналасуына, ортаға бейімделіп, қоғамнан сырт қалмауына көмектеседі. Осы дерттен айыққан науқастан құралған қоғамдық ұйымдар, «Үміт» йірлер клубының мүшелері де науқаспен және олардың отбасы мүшелерімен ата сайын кездесіп, ақыл-кеңес беріп, қиындықты қалай жеңгенін, басынан өткізген оқиғасын айтып, тәжірибесімен бөліседі. Нашақорлық дерті әрбір отбасы үшін — үлкен қасірет. Ол тоқтаусыз емді қажет етеді. Әрбір ата-ана ұл-қызын осындай тажал құрығына түсірмеуге тырысуға міндетті. Өз баланың өзін ең сенімді досы, ақылшысы болып, сеніміне ие болыңыз. Сізді үлгі тұтатын жағдай жасаңыз. Біздің нарколог дәрігерлер мектепте, оқу орындарында есірткіге қарсы күрес шарасын ұйымдастырып, семинар-тренинг өткізіп, алдын алу үшін күресуде. Дегенмен ата-ананың алар орны ерекше. Сондықтан бала тәрбиесіне бей-жай қарамайық. Ұлтымыздың болашағы жарқын болуы үшін атсалысайық!

Әңгімелескен
Жазира БЕГАЛЫ

Парыз

Іс-шараға Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары генерал-майор Мұхаметқали Сатов, Ұлттық ұлан ардагерлер кеңесінің төрағасы генерал-майор Калиакпар Тоқышев, әскер ардагері генерал-майор Дәулет Салханов, 5573 әскери бөлімінің командирі полковник Сәкентай Шекарбеков, өзара іс-қимыл жасайтын мекемелердің, дін өкілдері, сондай-ақ сарбаздардың 2 мыңға жуық ата-анасы мен туған-туысы қатысты. Кешегі ішкі әскер, бүгінгі Ұлттық ұланның жеке құрамы алға қойылған тапсырманы лайықты түрде орындап, жеке адам мен азаматтың конституциялық құқығын, қауіпсіздігін,

Осы аптада Ұлттық ұланының 5573 әскери бөлімінде 800-ге жуық сарбаз салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Еліміздің әр өңірінен жиналған сарбаздар Астанада өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысады. Бұл туралы Ұлттық ұланның баспасөз қызметі хабарлағандай.



АНТ – АДАЛДЫҚ РУХЫ



рухы. Әскери ант қабылдаған жауынгер салтанатты сап түзеп тұрды. Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары генерал-майор Мұхаметқали Сатов өз құттықтау сөзінде қазақ батырларының ел қорғаудағы ерлігін тарихтан мысал келтіріп, Елбасы Нұрсұлтан

қоғам құндылығын, мемлекет тұрақтылығы мен тыныштығын қауіп-қатерден жан-жақты қорғау жолындағы жауапты қызметті абыроймен атқарып келеді. Міне, осы жолы Отан алдында ант берген жас сарбаздар да ұландықтардың қатарын толықтырды.

Салтанатты шара барысында әскери оркестрдің сүйемелдеуімен еліміздің Әнұраны орындалып, Көк туымыз жоғары көтерілді. Әскери бөлім командирінің бірі саптық алаңға шығып, салтанатты түрде әскери ант қабылдады.



5573 әскери бөлімінің командирі полковник Сәкентай Шекарбеков «Барлық өңірден келген жауынгерлерге үлкен жауапкершілік жүктеліп отыр. Олар Елорданың көшелерінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Астанада өтіп жатқан «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі аясында өтетін бұқаралық шаралардың қауіпсіздігін атсалысады. Бүгін әскери ант қабылдаған сарбаздар оларға артылған үлкен сенімді ақтайды деп білемін», — дейді.

Ант қабылдау — жауынгердің өмірінде кездесетін манызы зор, айтулы сәт. Ол «Отанына, халқына ақтық демін шыққанша адал болу,



ел басына сын сағат түссе, онда мойымай көтеру, қажет болса, жан кию» деген сөз. Ант — адалдық

Айбарша
ЖАҚСЫЛЫҚ,
Астана қаласы

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласындағы «рухани жаңғыру» деген не? Рухани жаңғыру – ұлттың өзінің ұлттық кодын, генетикалық жады-сын сақтап қалу, ұлттың рухын жаңғырту деген сөз. Рухани жаңғыру – қазақтың ұмыт болған салт-дәстүрін ұлықтау, ұлттық мінезі мен болмысын, өнері мен мәдениетін, әні мен күйін жаңғырту деген дүние. Мәселен, қазақ ән-күй өнерінің алтын дәуірі XIX ғасыр – дала сал-серілерінің жарқырап жазған кезеңі. Белгілі өнер зерттеушісі Жұмабек Табын қазақтың сал-серілері: олардың киім-кешені, әсері, тұрғысы, ел ішіндегі атақ-абыройы, халықтың сал-серілерге көрсететін ықылас-қошеметі хақында әңгімелеп берді.



Қазақтың сал-серілері

Дала өркениетінің ең озық жетістігі — өнер болған. Өнердің ішінде ән-күй сияқты жасампаз өнердің шыны биік. Көшпенді даласындағы өнердің дамығаны соншалық, той-томалақ түгілі, атыс-шабыстың ешқайсысы акын-жырауларсыз өтпеген. Ақтанберді жырау қолына домбырасын алып жырлағанда, қалың қол аркаланып кететін болыпты. Женістің рухы — Ақтанберді жырының құдіретінде болса керек. Сонымен «сал» деген кім, «сері» деп кімді айтамыз?

Сал мен серілердің еш айырмашылығы жоқ. Токталып кетер болсам, Еуропада Рышарь деген болған. Олар да серілер. Бірақ олар жаулаушылар. Кәдімгі батыр ретінде оларды елі еркелетіп: «серілер» деп атаған. Ал енді біздің сал серілердің айырмашылығы — бұлар бөлек әлем. Біздің сал-серілер бүкіл өнердің болмысын бойына жинаған. Олардың әншілік, күйшілік, атбегілік, күсбегілік өнері бар. Барлық өнерді бір бойына жинағандар. Сал-серілер әртістік өнерді де меңгерген. Міне, сондай өнердің сан қырлы таланттарын сал-серілер деп атаған.

Сал-серілер туралы әңгіме қозғалғанда, ең алдымен Біржан сал, Ақан сері тілге оралады. Арқаны әнмен тербеткен Біржан, Алашқа ән озырған, Көкшеге ат озырған Ақанның даңқы әлі басылған жоқ. Осыдан 4-5 жыл бұрын түсірілген Досхан Жолжасқынның «Біржан сал» фильмі біз әңгімелеп отырған сал-серілердің шынайы болмысын беретіндей. Кино туындыда сал-серілердің ауылға таяп келіп, аттан құлап, қыз-келіншектерге еркелеп жатып алатын жері бар. Қойын-қоншынан асыл тас, ақық-маржан, алтын-күміс шашып, жомарттығын көрсететін әдемі кадрды байқайсыз. Ауыл халқы ас пен тойға жиналғандай, сал-серілерді ерекше салтанатпен қарсы алады. Қазақ өнерінің жарық жұлдыздары — сал-сері, акын-жыраулардың өмірі дәл сондай салтанатпен өткен.

Сал-серілердің киім киісі, астындағы аты, оның ер-тұрманы, қолындағы домбырасы, қобызы бәрі ешкімге ұқсамайды. Мысалы, олар алтын қамқадан тән киген, ақ барқыттан алтын жібектелген жіппенен шапан тігіп алған, алтынмен апталып, күміспен күптелген дүниелерге малынып жүрген. Содан кейін, ерте замандағы сал-серілер атының шашасына, тұяғына дейін алтын-күміс білезік, моншақ тағып, жалына, құйрығына дейін қымбат тастар іліп жарқырап жүрген. Сондай салтанатпен ас-тойларға барып, сұлу қызды ауылдың жанына келіп, өздерінің өнерін көрсетіп, елдің көзіне түсіп, алғыс алған. Сал-серілер ауыл шетіне жетіп, аттарынан сұлай-сұлай құлайды екен. Сосын сол ауылдың халқы: бала-шаға,

қыз-келіншектеріне дейін сал-серілерді қарсы алады. Бұларды орындарынан көтеріп алмайынша, кілемге салып көтермейінше, олар сал адамдай жатып алатын болған. Зерттеуші

Ә.Диваев: «Салдың үстіне киген киімі халық қимеген жана матадан тігіледі. Егер ол киген киімді халық қисе, оны қимей, қарақұрым киізден тігіп алады екен» — дейді. Ел аузында салдардың пан жүрісі, тәкаппар мінезі, киім-кешегі, сән-салтанаты туралы аңыз-әңгіме өте көп. Мысалы, Жетісу өңірінде «Дәурен салдың белбеуінде» деген теңеу қалған. «Ол Ілені кешіп өткенде белбеуінің бір ұшы арғы жағада, екінші ұшы бергі жағада қалады екен» — деп айтылады. Арқадан шыққан Қаспақ сал атын шөп шүберекпен тұсаса, кей салдардың аттарына шөп орнына мейіз, су орнына бие сүтін беретінін ел әлі күнге дейін жадынан өшірген жоқ.

Сал-серілерге ат-атақты халық береді. Кім көрінген адамға сен сал-сері екенін дей бермейді. Мысалы, әу демеитін қазақ жоқ. Қазақ деген халық өзі акын, өзі әнші болып келеді. Ән айтпайтын, күй тартпайтын қазақ болмайды. Ал сал-серінің бойында бүкіл өнер топтасқан. Ол өнерге не жатады? Ол өнерге өзінің әншілігі, күйшілігі, орындаушылығы, композиторлығы жатады. Міне, сондай адамдарды халқы сал-сері деп еркелетіп, аялап алақанына салған.

САЛДЫҚ САЛЫСТЫРУ ДЕГЕН НЕ?

Қазақ халқының ежелгі салттарының бірі — салдық салыстыру. Салдық салыстыру салға ғана тән, серіге қатысы жоқ дәстүр. Бәсекеге түскен салдардың іс-әрекеті, мінез-құлқы басқа адамдар үшін ақылға сыйымсыз, ерсі көрінуі мүмкін. Салдық салыстыру кезінде кісілік, жомарттық, мәрттік сияқты өнер түрлері сыналған. Мысалы,

Кенен Әзірбаевтан жазып алынған Дәурен мен Қырмызы салдардың бәсекесін айтуға болады. Салдар сайқымазақ, қу-әзілкештер секілді елді күлдіріп, думандатып жүрген. Салдар сияқты серілер де қымбат матадан киім киіп, арғымақ ат мініп, бүркіт баптап, құс салып, қасындағы жігіт-желенімен ел аралаған. Бірақ салдарға тән ерсі мінез, аттан құлау, елден ерекше күлкілі киім кию тәрізді іс-әрекет жасамаған. Серілер таза, етек-жеңі жинақы киінген, кербез, пан мінезімен оқшауланып, жомарттық, алғырлық, білімдарлық қасиетімен ерекшеленген. Өнер жолына беріліп, сауық құрып, аңшылық-саятшылықпен айналысқан.

Зерттеуші-ғалымдардың еңбегінде серілердің репертуары салдардікінен едәуір аз болғаны, олардың лирикалық ән, мақтау өлең шығарып, айтысқа түскені жазылған. Серілерді сал типінің негізінде өткен ғасырда қалыптасқан өнер иелерінің жана түрі деуге болады. Сал-серілер топтаса жүріп, ауыл-ауылды аралаған. Акын, әнші, балуан сияқты өнерпаз серіктері қатар жүрген. Серілердің бірдей ат мінуі, біртектес киім киюі, салдардың елден ерек, алабажак киімі, басындағы үкісі де көшпелі дала әртістеріндегі әсер қалдырды.

Сал-серілер акын, композитор, әнші болумен қатар әртістік, бишілік, сиқыршылық қасиеттерді бойына жинақтаған өнерпаздар екенін айттық. Ахмет Жұбановтың, Әбділда Тәжібаевтың естеліктерінде: «Шашубай Қошқарбайұлы туралы «ат үстінде тұрып баянмен ән салғанда бет-аузын адам танымастай өзгертіп, бас терісін жүгіртіп



ойнатқанда қалпағы төбесінде мөңкітін, таяғын сиқыршыдай ойнататын» — деп жазды. Берікбол деген сал аяғына үлкен сырық байлап өнер көрсеткені үшін «ағашаяқ» деген атқа ие болады. Оның алты-жеті түйені қатар қойып, бір жағынан екінші жағына секіріп түсетін өнері болған. Ол әртүрлі цирк ойындарын шебер орындаған жан.

Салдардың көші Дәстем салдан басталады. Одан кейін Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері өткен. Сейітжан сал, Шәрке салдар болған. Бірақ белгісіз себептерге байланысты олардың аты көп аталмайды. Біз Дәстем салдан соң Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Балуан Шолақты айтамыз, бұлардың бәрі нағыз даланың дара өнерпаз сал-серілері. Олар домбырада да, қобызда да, сырнайда да бөрінен орындаған. Жанақ пен Шөжені де тастап кете алмайсың. Атақты, зағип Шөже бір күнде 15 ақынды жеңген сүлей. Жанақ деген жырау әрі акын, сал-сері болған. Бұлардың барлығы осы сал-серілердің бастау бұлағында тұрған адамдар.

Академик Әлкей Марғұлан сал және сері типінің өзгешелігі мен ұқсастығын жан-жақты талдап көрсетеді. Ол: «Сал мен сері бір типті емес, екеуі алуан, екі дәстүр өрнектері. Олардың бірінен-бірінің өзгешелігі — тұрмыс көрінісінде, типінде. Ең алдымен сал, сері деген сөздер қалай туған? Осыдан бастайық. «Сал» еуропа тілімен айтқанда, эксцентрик немесе өз бағытпен жүретін бір топ адам. Оның бар арманы — сылқымдық, кербездік, киімді әдемі киіну. Ер-тоқымның өзі де басқаныңдей болмайды, алтынмен, күміспен өрнектеліп, ерекше салтанатпен жасалады. «Сері» сөзі серпілуден шыққан, бой жазу, шалқу, асқақтау дегендерді білдіреді» — дейді.

Ғалым Тұрсынов «сал» мен «серінің» кейде қатар айтылатынын, «Серілер салдардан кейін пайда болған богема сарындарын жырлаушы өнер адамдары» — деген қорытынды шығарады. Екі дерек те бірін-бірі толықтырып тұрған сияқты. Көкшетауда Дүйсен сал деген болған. Бір қызығы — ол кісі кейде жеке-дара жүреді екен. Астындағы атын да әспеттеген. Тіпті беліне ораған жібектің қанша метр боларын ешкім өлшей алмаған.

РУХ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Қыздар әлгі жібек белбеуді тартқан кезде, ауылдың шетінен үйге дейін жететін болған. Жібек орамалды қыз-қырқын, жас келіншектер таласып-тармасып бөліп алған. Міне, Дүйсен сал деген сондай сал болған. Ол атының жалына, құйрығына дейін алтын, күміс моншақ тағып, әспеттеп жүретін болған. «Оның бөрігінің құны — бір үйір жылқы» — дейді. «Егер Дүйсен салдың бойындағы алтын-күмісті қосып есептепсесен, мыңдаған жылқыны айдаған бай болып шыға келесің» — деген сөз бар. Мінекей, сондай салдар өткен.

САЛ-СЕРІЛЕР ҒАСЫРЫ – АЛТЫН ДӘУІР

Сал-серілердің даму эволюциясы қазақ музыкасымен, драмалық, сонымен қатар спорт, жонглер, плоиді өнермен тығыз байланысты. Сал-серілер импровизаторлық, жыршылық, орындаушылықпен қатар драмалық элементтерді ұштастырған. Зерттеуші Сәкен Жүнісов «Қазақтың кең сахарасында бұлайша топ-тобымен жүру, бүгінгі күнгі бір мекемеге бағынған артистер ұжымы секілді гастрольдік сапармен жүру салты бұрын-соңды тап осындай болды ма екен? Бұл топ — орыс халқының трубадурларына да, француздың жонглерларына да, испандық хутларлерге де, немістің шпильмандері мен төжіктің масарапаздарына да ұқсамайтын, таңдыры, сүйегі жағынан паяңиларға, өзбектің қызықшыларына, Шолом-Алейхан жазатын еврейлік «қаңғырған жұлдыздарға» аздап жақындайтын, тіршілігі

қоспайсың ғой. Кешегі Тайжан ақынның шәкірті. Міне, сол секілді әр аймақтың атауы бөлек болғанымен, түп-тамыры бір. Бәрі — сал-сері.

Сал-серілер салт-дәстүрді жақсы ұстанған. Олар — адамзаттық құндылығы бар, танымдық, тағылымдық мұраларға бай жан-жақты өнер иелері. Қазақ сахарасының рухани келбеті. Дәл нақты кезеңі белгісіз, сал-сері типі ескі дәуірден сақталған. Олардың әрқайсысы халықтың рухани тұрмысында өнерді насихаттап қана қойған жоқ, әлеуметтік тұрғыда ой қозғап, қоғамдық мәселе көтерді. Ұлт бірлігін, жерін сақтау, өнерді қастерлеу — ғасырдан ғасырға жеткен сал-серілер өнернамасының негізі болмақ. Сал-серілік дәстүрі бірте-бірте ұмтылып, халық жадында тек Ақан сері, Сегіз сері, Біржан сал есімдері ғана сақталып отыр. Кеңес үкіметі орнаған кезде де Үкілі Ыбырай, Естай сияқты әншілер өмір сүрген. Мысалы, Естай 1946 жылға дейін өмір сүріп, аурудан қайтыс болады. Үкілі Ыбырай 1928 жылдары өмір сүрген. Айдауда болып, қаншама қиыншылықты көреді. Міне, біздің XX ғасырдың басындағы 30-жылдардан кейін сал-серіліктің дәурені тоқтай бастайды. Қалірі кете бастайды. Оның да себеп-салдары бар. Ол кезде «бай» деген ұғым қалыптасқан. Тек қана келдей таптарын дәріптеу басталды. Сал-серілердің барлығы бай болмаған. Міне, қызықты қараны! Оларда қарапайым. Тіпті міңерге аты да болмай қалатын кездер болған.

Тұрсыновтың Рахымов деген композитор өтті бұл өмірден. Ол сонау XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр және XX ғасырдың басындағы сал-серілердің болмысын, дүниетанымын XXI ғасырға жеткізіп кеткен, солардың бірден-бір жұрнағы. XXI ғасырға жетіп, көз жұмған арыс азаматты да сал-сері деп атауға болады.

ТЕГІНЕ ТАРТАДЫ

Сал-серілердің сыртқы сипаты, киім киісі, жүріс-тұрысы қарапайым кісіге ұқсамайтын. Олар жүргенде ылғи қойқандай басып, кербез жүреді. Сөзі асқақ, еркін, өзінен басқа жан бар деп ойламайды. Бар болса да олардан иығы асып отыруына кәміл сенеді. Салдарды қазақ халқы өте еркелетіп өсірген. Ол өте кербез, бойкүйез, пан, онымен қатар мінезі өте жайдары, ашық әрі көңілді келеді. Шоң, Торайғыр би, Дәулеткерей бұрынғы ата дәстүрі бойынша салдардың кейбір асқан мінезіне бөгет болмай, оларды еркелетіп қызық көрген.

Мұндай дәстүр әлі де бар. Қазақ халқы домбыраның құлағында ойнап, әуелетіп ән салатын өнерпазды ерекше қастерлейді. Кешегі сал-серінің бүгінгі жалғасы — қазақтың дәстүрлі әншілері мен күйшілері.

Шоканның туған нағашысы — Мұса Шорманов, ол да аға сұлтан. Бұл жерде Мұсаның қара көленкеге түсіре беретін ұрда-жық інісі — Мұстафа болыс. Ол Жаяу Мұсаның астындағы атын тартып алып «Бұл әлемде бір ғана Мұса болуы керек. Ол менің ағам — аға-сұлтан Мұса болуы керек. Сен Жаяу Мұса болуың керек» — деп Жаяу Мұса атандырып жіберген. Әйтпесе, Мұса болыс та қолына бүркітші,

құсбегі, әнші, күйші жинап, оларды өте қатты бағалаған. Олардың бала-шағасының бәріне жағдай жасаған. Үлкен денгейдегі сал-серілерді үйінде не бар, не жоқ деген сұрақ ойландырмаған. Әлеуметтік мәселесі — халықтың үстінде болған. Қара халық не береді? Өзінің алдындағы оншақты қойы,



Жиенбет, Бұкар жырау болды. Бұлардың барлығы кәдімгі жыр айтып, жауға шапқан. Батыр болған, елін қорғаған. Сыр өңірінде «Сыр сұрейсері» деген атақпен өнер адамдары өтті. Осы Сыр сұрейсерінің мәдениеттілігі, шығыс өнеріне, біліміне деген құштарлығы күшті болды. Шығыс ілімімен арабша хат таныған және шығыс жұлдыздарының Фирдоуси мен Низами шығармаларымен таныс болған. Олардың шығармасын жатқа айтқан. Олардың шығармашылығында жыраулар мәдениеті, өркениет пен қатар имандылықты, кісілікті жырлайды. Кете Жүсіп, Тұрмағамбет Ізтілеу, Шорайықтың Омары, Қанлы Жүсіп, Қара сақал Ерімбет. Ішіндегі ең шоқтығы биігі — Тұрмағамбет Ізтілеуов. «Шахнаманы» оқымаған адам жоқ. Сол Фирдоусидің «Шахнамасын» аударған кезде оқып отырып, Фирдоусидің емес, Тұрмағамбет Ізтілеуовтың өз шығармасы деп ойлайсың. Бұл өңірде жыраудан бөлек, Ешнияз сал өмір сүрген. Нартай Бекежановты жырауға

бір-екі сыры мен жылқысы бар адам қайдан береді? Сол кездегі көзі ашық, өнерге жанашыр азаматтар болған. Сол кісілер сал-серілердің барлық жағдайын жасаған. Сал-серілер 12 ай бойы серілік құрып кетті десек, қисыңға келмейді. Өйткені, оның да бала-шағасы бар, ұрпағы бар. Бірақ олардың әр күні салға, серіге тән безқадалықпен өрілетін.

Сал-серілер тұлғасынан олар өмір сүрген кеңістік — қазақтың ұлы даласын, өзгеге ұқсамайтын төлтума мәдениетті, ұлттық болмыс тұтастығын көруге болады. Бір дәуірдің рухани қазынасын ұстап отырған, әні мен күйін, мәдениетін асқақтатқан сал-серілер дәстүрі біздің асыл мұрамыздың бір бөлшегі. Сал-серілер туралы зерттеу, бүгінгі оқырманға жеткізу, ұрпақ санасына сіңіру — Елбасы жазған рухани жаңғырудың бір тармағы деп білеміз.

Жазып алған
Жарас КЕМЕЛЖАН



Әлеумет

Ең үлкен әлеуметтік мәселенің бірі – азаматтарды жұмыспен қамту. Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданында да бұл іске жете көңіл бөлініп келеді. Жуырда Есік қаласында өткен бос жұмыс орындар жәрмеңкесі соның дәлелі.

Оны «Нұр Отан» партиясының «Сәтті қадам» жобасы аясында аудандық жастар ресурстық орталығы мен халықты жұмыспен қамту орталығы



ұйымдастырды. Бұл жаңалықты естіген ауыл жастары бос орындар жәрмеңкесіне молынан жиналды. Кәсіптік-техникалық колледжі бітіргендер алғаш рет бағын сынап, жұмысқа орналасу бәсекесіне қатысты. Ең бастысы, жәрмеңкеге бәрі тыңғылықты даярлықпен келген. Білімі



ЕКІ ҚОЛҒА – БІР КҮРЕК

мен біліктілігіне деген сенімі нық. Жәрмеңкеде 9 жұмыс беруші кәсіпорын мен мекеме өкілдері жастармен бетпе-бет отырып сұхбаттасты. Сұрақ қою, жауап қайтару арқылы жұмыс іздеушінің кәсіпке бейімін, шеберлігі мен икемін сарапқа салды. Танымы мен көзқарасын байқады. Қолынан іс келетін жастарға әрқашан жол ашық. Әсіресе, «ФудМастер» компаниясы, «ЭкоПродукт» ЖШС, «ДСУ-13» ЖШС секілді ірі кәсіпорындарға жұмысқа

кірсеқ деп армандап жүрген жастар көп-ақ. Нақты қорытындысы кәсіпорын басшыларының үлкен талқысынан кейін белгілі болады екен. Жолы болған екінші бір жастардың мәселесі сол жерде-ақ шешіліп, қуанышқа кенелді. Динара Жақаш «Арнаулы орта білім» бар. Құжаттарым толық қабылданды. Әңгімелесуден сүрінбей өттім. Енді, міне, ертеңнен бастап балабақшаның қызметкерімін. Тұрақты жұмыс тапқанымға ата-анам да, бауырларым да қуанатын болды. Бұл – тәжірибе жинақтаудың басы», – дейді.

Жастар ресурстық орталығының жетекшісі Айбек Ілебаевтың айтуынша, ауданда 67780 жас бар. Бұл – үлкен күш. Оны аймақтың ғана емес, Алаштың болашағы деп те ұғынған жөн.

Сондай-ақ аудандағы халықты жұмыспен қамту орталығының директоры Самат Буяноваевпен де пікірлескен едік. – «Нәтижелі жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау 2017-2021» бағдарламасы – іс-әрекетіміздің басты жүйесі. Соған байланысты біздің мекемеміз үш бағытты қамтып отыр. Кәсіптік білім беруге және қысқа мерзімді оқытуды тұрақты жолға қоюға назар аудардық. Сонымен қатар кәсіпкерлерді қолдау – басты міндетіміз. Үшіншіден, мамандық алған жастарды жұмысқа орналастыруға күш саламыз.

Денсаулық

Алматы облысында әлеуметтік дәріхана

ашылады. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омардың жүргізуімен өткен жиында белгілі болды. Басқосуға халықты дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп жүрген фармацевтика саласының мамандары қатысты.

ӘЛЕУМЕТТІК ДӘРІХАНА ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?



Өңірімізде барлығы 989 дәріхана қызмет көрсетіп келеді. Алайда солардың қатарында бірде-бір әлеуметтік дәріхана жоқ. Осыны ескерген облыс әкімінің орынбасары фармация комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Мұсалы Сейітқұллова әлеуметтік дәріхана ашу мәселесін тапсырды. Сондай-ақ аталған департамент тек қана кәсіпкерлерге ғана емес, тұрғындарға да қолдау көрсету керектігін ескертті. Соған сай жұмыс тобы құрылып іске кіріседі. Егер әлеуметтік дәріхана ашылатын болса, бағаның тұрақталуына да септігін тигізбек. Осыған дейін департамент пен заңды тұлғалар арасында дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың бағасының өсуін ұстап тұру мәселесі жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған болатын. Халықтың денсаулығы барлығымыз үшін маңызды. Сондықтан басқосуда әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы мен зейнеткер, мүмкіндігі шектеулі жандар мен ардагерлерге жеңілдік жасау жағы да қамтылды. Осы тұрғыда бірлесе жұмыс атқару жайы сөз болды.

Дәрі-дәрмек бағасының тұрақтылығы мен сақталуына байланысты бірнеше дәріхананы аралап, сараптама жүргізген «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев.

«Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының қоғамдық қабылдауына дәрі-дәрмектің қымбаттауына байланысты өтініштер әлі күнге дейін түсіп жатыр. Шағым бойынша сараптама жүргізді. Нәтижесінде базалық терапияға арналған жүректің ишемиялық ауруына қарсы «Бисопролол» дәрісінің 5 мг.-дық бағасы Алақөл ауданында 540, Еңбекшіқазақ ауданына 1050, ал Талдықорған қаласында 1590 теңге екендігі анықталды. Бұны қалай түсінеміз? Осы сынды мысалдар жетіп артылады, – деп бағаны ұстап тұру мәселесінің әлі де өзекті екендігін және осы олқылықты реттеу үшін денсаулық сақтау министрлігі «Дәрі-дәрмек құралдарының бағаларын реттеу туралы» Заң жобасының тұжырымдамасын жасағанын айтты.

Жиын соңында Жақсылық Мұқашұлы дәріханалар арасында байқау ұйымдастырып, халыққа көмек көрсету, мүмкіндігі шектеулі жандар мен балаларға қайырымдылық танытып, көптеген акция ұйымдастыру қажеттігін назарға салды. Алда әлі бірлесе атқаратын жұмыстың да шаш-етектен екендігін тілге тиек етті.

Жасыл экономика

Күн мен желдің, судың қуаты түйіскен Қапшағайда үш технология жүйесін дамытуға зор мүмкіндік бар. Жаңғыртылатын энергия көздерін пайдаланумен айналысатын «Samruk-Green Energy» ЖШС іске қосқан қуаты 2 МВт-тық Қапшағай күн электрстансасы өндірістік және зерттеу саласын табысты түрде дамытуда.

Жеті гектар жерді алып жатқан өндіріс орнында 25 шақты құрылым мен 61 трекер қондырғы орнатылған. Мұнда монокристалдық, поликристалдық, таспаға басу сияқты фотоэлектр модульдінің бірнеше түрі сынақтан өткізілді. Болашақта оның қуаты 100 МВт-қа дейін өседі деп жоспарлануда. «Samruk-Green Energy» ЖШС бас директоры Жомарт Момымбаев «Бұл еліміздің экономикалық дамуына үлкен серпін беретін таза энергия өндіру технологиясы. Қазақстан экономикасының тұрақты даму концепциясында жаңғыртылатын энергия көздеріне ерекше орын беріледі. Аталмыш жобаларды іске асыру мақсатында 2012 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 100 пайыздық еншілес ұйымы ретінде «Samruk-Green Energy» серіктестігі

Әріптестік

Елімізде мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі бағдарламасы аясында көптеген жоба жүзеге асырылып жатқаны аян. Ел экономикасындағы шағын және орта бизнестің үлесін арттырып, бюджет қаржысының өтелуіне жеңілдік жасау мақсатында қолға алынған бұл жобаға шетелдік инвесторлар да қызығушылық танытуда. Осы орайда Чехияның «Амикрон» компаниясының өкілі Ладислав Тишу арнайы келіп,

Жетісу өңіріндегі ірі кәсіпорындарда электр қуатының тапшылығы болмайды. Алматы облысы әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов Чехиядан келген инвесторлармен Алматы қаласында келіссөз жүргізді.

қамтамасыз ететін «Көкөзек» подстансасын салуға мүдделілік танытты. Қарасай ауданының Елтай ауылдық округінде ірі өндіріс орындары бой көтергені жұртшылыққа белгілі. Электр қуатын үлкен мөлшерде тұтынатын

әкімі Аамандық Баталов осы өңірде кәсіпкерлермен, инвесторлармен кездескенде бұл мәселені шешуге уәде бергенін көзіміз көрді. 125 меговатт қуаттылығы бар «Көкөзек» подстансасы осы тапшылықты толықтай жоюға септігін тигізбекші.

ҚАРЖЫ САЛУҒА МҮДДЕЛІ



Қарасай ауданында орналасқан өндірістік аймақты электр қуатымен

бұл кәсіпорындар күн өткен сайын электр тапшылығын тартуда. Облыс

Айдарбек Естебекұлы арағайындап жасаған кездесуге Чехияның «Амикрон» компаниясының өкілімен бірге «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ басқармасының басшысы Мұхит Үмбетов, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығының басшысы Евгений Тен, облыстық кәсіпкерлік индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Маржан Мұратқызы және өзге де мүдделі тараптар қатысты. Ашық-жарқын әңгіме барысында жобаға қатысты барлық мәселе жан-жақты талқыланып, әріптестіктің шарттары келісілген. Чехия тарапы бұл жобаға қатысуға келісім берген жағдайда, подстанса құрылысына тендер жарияланып, Алматы облысы әкімі, «Алатау Жарық Компаниясы» және «Амикрон» компаниясы арасында үш жақты келісім жасалынып, жұмыс басталады.

Уағдаластық

Алматы облысы әкімі Аамандық Баталов іссапарымен Қарасай ауданында болып, салынып жатқан құрылыс жұмысымен танысты. Бұдан соң Қаскелең қаласында құрделі жөндеуден өтіп, тұрғындарға есік ашқан «ForteBank» АҚ бөлімшесіне келіп, әріптестік туралы меморандумға қол қойды.



ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ ЖАҢАРСА...

«АльянсБанк», «ТемірБанк» және «ForteBank» қаржы институттарының бірігуі нәтижесінде 2015 жылы дүниеге келген жаңа банк Қазақстанның қаржы нарығында өз орнын алған болатын. Бүгінде елдегі 31 банк жүйесі қатарында депозит көлемі жөнінен бесінші, ал заңды тұлғаға қызмет көрсету бойынша үшінші орынды иеленіп отырған «ForteBank» қызмет аясын ұлғайтуда. Аталған қаржылық құрылым еліміздегі Еуропалық жаңғырту және даму банкінің шағын және орта бизнесті қолдау бағдарламасымен жұмыс істейтін бірден-бір банк болып табылады. Сонымен қатар елдегі «Даму» және «Бизнестің жол картасы» жобаларының барлық бағыты бойынша қызмет көрсетуде. Бүгінде бұл банкке 50 мың жеке тұлға мен 4 мың заңды тұлғаның тіркелуі көп жайды аңғартады. Алдағы уақытта облыс тұрғындарына көрсетілер

қызметтің сапасы мен көлемі еселеп артатын деп күтілуде. Осы орайда Талдықорған қаласынан банктің жаңа ғимаратын салу жөзделуде. Кездесуде құрылысқа қажет жер телімін бөлу жөнінде уағдаласып, көп ұзамай жұмыстың басталатыны жайлы айтылды. Әріптестік туралы меморандумға қол қою рәсіміне облыс әкімі Аамандық Баталовпен бірге бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов, орынбасары Айдарбек Байжанов, аппарат жетекшісі Батыржан Байжұманов, Қарасай ауданының әкімі Махаббат Бигелдиев қатысса, «ForteBank» АҚ тарапынан басқарма басшысы Мағжан Мұратұлы, бас банктің аға банкирі Дінмұхамед Диарұлы, Алматы облыстық филиалының директоры Гүлжанат Әбдрахманова, Талдықорған қалалық филиалының директоры Азат Ғабдуллин қатысты.

Семинар

Семинарға қатысушылар алдымен Серікжан Есімжановтың жетекшілігіндегі «Амир-Айша» шаруа қожалығының 200 гектар қызылша егістігінде болып, арам шөптен ада жайқалған жасыл өскін алқабын аралады. Жиналғандарды «Jeticu» әлеуметтік-

Жуырда қант қызылшасын өсірудің нақты технологиясын үйрету мақсатында Алматы облысы Сарқан ауданының Бақалы ауылында «Айша-Амир» сервистік дайындау орталығының базасында семинар өтті. Оған Алматы облысы әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексенбай Бекішов, Сарқан ауданының әкімі Ерғазы Қошанбеков, Сарқан, Алакөл, Ақсу, Ескелді, Көксу аудандарының қызылша өсірушілері қатысып, тәтті түбірден мол өнім алудың жөн-жобасымен жан-жақты танысты.

ТҰҚЫМЫ АСЫЛ ТОЗБАЙДЫ



кәсіпкерлік корпорациясының қант қызылшасы саласының сарапшысы, ауыл шаруашылығы ғылымының кандидаты А.Бексұлтанов осы орталықтың тәтті түбірді тұқым себуген өнім алуға дейінгі аралықтағы технологиясымен, егістікке қатыстын жаңа техникалардың ерекшелігімен таныстырып, Сарқан аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Н.Мұқашев аудан бойынша қант қызылшасын өндірумен айналысатын орталықтардың, қожалықтардың жетістігін өз сөзіне арқау етті.

Семинарды Алматы облысы әкімінің орынбасары С.Бескемпіров ашып жүргізді. Қызылшашылар «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының сарапшысы А.Бексұлтановтың қант қызылшасын өсірудегі жаңа технология, агрофон қалыптастыру, өнімділікті арттыру бағытындағы лекциясына қызыға ден қойды. Сонымен қатар «Агролинк Россия» фирмасының менеджері И.Стрелюктін қант қызылшасы алқабын зиянкес пен арамшөптен қосымша қол күшін қолданбай химиялық препарат

арқылы арылтудың жүйесі де қызығушылық туғызды. Ресейдің «Шелково Агрохим» фирмасының пестицид таратуда көш басында тұрғандығын атап өткен лектор тұқымды өңдеуден өткізуден бастап қызылша алқабында кезең-кезеңімен атқарылатын өңдеу жұмысына қолданылатын дәрі-дәрмек пен тынайтықш түрлерін атап өтті. Бұл зиянкеске қарсы қолданылатын гербицид Жетісу өңірі қызылшасы үшін таңсық емес. Семинарда, сонымен қатар экономика ғылымдарының докторы А.Шәріпов ынтымақтаса жұмыс істеуде кооператив құрудың тиімділігі туралы, қазақ ғылым-зерттеу институтының қант қызылшасы бөлімінің меңгерушісі К.Қонысбеков қант қызылшасын дамытудың қазіргі жағдайы мен перспективасы жайында лекция оқып, тыңдаушы назарын аударды.

Аудандардан келген қызылшашылар өзін толғандырған сауалға жауапты осы басқосудан тауып, ортақ тақырып бойынша ақпарат алмасты.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

Қоныс той

Жетісуда жарқын іс көп. Соның бірі – жайында

айтып өтетін болсақ, облыс орталығында бір күнде 168 пәтерді тұрғын үй пайдалануға берілді. Осы орайда өңір басшысы Амандық Баталов қоныс иелерін қуанышымен құттықтап, шаттық иесіне коммуналдық үйдің кілтін тапсырды.

— Құрметті қала тұрғындары! Бүгін бізде үлкен қуаныш! Астана күні қарсаңында баспаналы болып жатырсыздар, қоныстарыңыз береке мен мерекенін ошағы болсын! Өздеріңіз

Енді осы қоныстарыңыз құтты болсын, еліміз аман, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын! — деді құттықтау сөзінде Амандық Ғабасұлы.

Осылайша, қуаныш иелерін құттықтап, кілтін тапсырған соң облыс басшысы бірнеше пәтерге бас сұғып, арнайы сый-сияпат жасап, мерейлі жандарға берекелі құмыр тіледі. 18 миллионға толған қазақтың келесі он тоғызыншы миллиондық тұрғыны да осы қалада «өмірге келсін» деген ақжарма тілегін жеткізді. Осы ретте, 20 жылдай пәтер жалдап, үйдің кәдірін үйелменімен ұғынған, толық



— Осыншама уақыт пәтер жалдай жүріп, 15 жылдан бері кезекте тұрдым. Міне, бүгін мереке қарсаңында

БАСЫНДА БАСПАНАСЫ БАР



көріп тұрғандай, құрылыс сапасын барынша қадағаладық. Мердігер мекеме де жұмысты тиянақты істеді.

емес отбасы санаты бойынша баспаналы болып жатқан Эльмира Ержанова өңір басшысына өз алғысын жеткізді.

баспаналы болып, қуанып жатырмын. 2 бөлмелі бұл шаңырақ мен үшін кең сарайдай. Ұлым үйленіп, жалдап жатқан пәтеріміз таршылық етіп еді. Енді ол қиыншылық та артта қалды. Осындай камкорлық жасап жатқан ел ағаларына мың алғыс, — деді жаңа пәтер мен арнайы сияпатқа қолы жеткен Ана.

«Бұл әрбір отбасы үшін үлкен жетістік» — дейді үйлі болғандардың қуанышына үйіріліп-толғанып жүрген ағайын. Ең кереметі де сол — бұл күні баспаналы болғандардың қатарында 15 мүмкіндігі шектеулі азамат, 33 жетім және өзге де 12 санат бойынша көп жылдан бері баспана кезегінде тұрған азаматтар бар. Қазіргі таңда Талдықорғанда баспана кезегінде тұрғандар саны 15 мыңға жуықтаған.

Облыс әкімінің айтуынша, жыл соңына дейін облыс орталығында жалпы көлемі 1 мың шаршы метр болатын бірнеше үй пайдалануға беріледі.

Мәселе

Алматы облысында мүмкіндігі

шектеулі жандарды жұмыспен қамту мәселесі көнжелеп тұр. Өңірде 5 мыңнан аса жұмысқа қабілетті мүгедек бар. Биыл оның 100-ге жуығы ғана тұрақты жұмысқа орналасқан. Осыған орай, облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар жиын өткізді. Шараға жауапты мекеме басшылары қатысты.

Жиында облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Зайда Ілімжанова, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғалиаскар Сарыбаев, «Алпамыс» қауымдастығы қоғамдық бірлестігінің бас директоры Райхан Сисикенова баяндама жасап, мүмкіндігі шектеулі жандарға камкорлық жасау мақсатында атқарылып жатқан ауқымды шараларды атап өтті.

Олардың айтуынша, биыл Талдықорған медициналық колледжін 70 мүгедек бітіреді. Алайда, оларға жұмыс табу қиын. Сондықтан мамандар кәсіпкерлермен және тағы басқа мекемелермен келісім жасамақ. Басқосуда Жақсылық Мұқашұлы қоғамдық бірлестік жетекшілеріне «Ұлттық қормен» жұмыс істеуге тапсырма берді.

— Бізде жағдай жақсарған сайын адамдар денсаулығы нашарлауда. Мұны да басты назарда алған жөн. Қоғамның әрбір мүшесі біз үшін маңызды. Ол үшін

млн теңге қарастырылған. Бұл қаражат бүгінде 100 пайыз игерілді. Тиісті қаражат 400 әлеуметтік нысанның бейімдеу жұмысына жұмсалды.

ОЛҚЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ



мүмкіндігі шектеулі жандарды емдеу, оқыту, сауықтыру сынды маңызды шаралар әрдайым біздің назарымызда болуы керек, — деді Жақсылық Мұқашұлы.

Биыл облыстық бюджеттен «Кедергісіз келешек» жобасына 266

Пандустар қойылып, арнайы автотұрақтар белгіленді. Осыған байланысты кей аудандарда кемшіліктер де анықталған. Облыс әкімінің орынбасары мұндай олқылықтарды тез арада жойып, жағдайды жіті бақылауды тапсырды.

Тиімділігі мол

Алматы облысындағы Алакөл аудандық жұмыспен қамту орталығы мен

Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжі ұжымының ұйымдастыруымен халықты нәтижелі жұмыспен қамту мақсатында бос жұмыс орындарының жәрменкесі өтті.

ЕРІНБЕГЕНГЕ ЕҢБЕК БАР



Еңбек нарығының қажеттілігіне қарай кәсіптік оқытуға, жастар тәжірибесінен өтуге, тұрақты және қоғамдық еңбекке тартуға бағытталған шараға бос жұмыс орнын ұсынған 12 мекеме, 287 азамат қатысты.

Жәрменкеге «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалының өкілдері, аудандық пробация қызметінде есепте тұрғандар, Алакөл гуманитарлық-техникалық колледжінің серіктестері «Бағалы Алакөл» ЖК, «Белгібаев Н» ЖК, «Үшарал жолдаушылар тасымалдау кәсіпорны» мен «Үшарал көркейту» ЖШС өкілдері шақырылды.

Ұйымдастырушылар шараға үмітпен келген азаматтарға ыңғайлы орта қалыптастырды. Жәрменке барысында жұмыссыз жандарды еңбек етуге шақырған мекемелер тарапынан 117 бос жұмыс орны ұсынылып, талапқа сай келген 52 азамат тұрақты жұмысқа орналасты. Сондай-ақ қоғамдық жұмысқа 35, жастар тәжірибесінен өтуге 8 адам жіберілсе, маусымдық және кәсіптік оқуға 71 адам жолдама алды.

Оң қадам

Серікжан Ісәмұлының айтуынша, зауытты қайта жаңғыртуға бөлінген 8 млрд теңгеге қазір жана қондырғылар әкелінген. Алдағы уақытта мұнда тәулігіне 3 мың тонна кант қызылшасы өңделмек. Әзірге жұмыстың 20 пайызы ғана аяқталған. Ендігі кезекте



ҚАНТ ӨНДІРІСІНЕ ҚАН ЖҮГІРДІ

2 компрессор, су сорғыш құрылғысы ауыстырылып, жана сүзгі қойылады.

Кезінде еліміздегі ірі компанияның бірі болған кәсіпорынды жаңғыртуға инвестор — 6 млрд теңге құйған. Қалған 2 млрд қаржыны облыс әкімдігі «Жетісу» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы арқылы бөліп берді. Бүгінде мазутты жеткізу және сақтау мәселесі де толығымен шешілген.

— Зауыттың белгіленген уақытта іске қосылуы үшін облыс басшылығы тарапынан жан-жақты көмек көрсетілуде. Зауытқа бөлінген қаржы 5 жыл мерзімге берілген. Аталған уақыт ішінде олар қаржыны

бюджетке қайтарып береді. Ол уақытта зауыт та аяғына тұрады, — дейді облыс әкімінің орынбасары.

Кезінде Ақсу ауданының тұрғындары аталған кәсіпорын жабылған соң қызылшадан қол үзіп, басқа жұмыс іздеуге мәжбүр болды. Зауытқа жана инвестордың келуі жергілікті шаруалар үшін өте үлкен қуаныш. Кәсіпорын қалпына келгенде зауыттың бұрынғы қызметкерлері қайтадан жұмысқа орналасады. Осылайша, бұл жоба Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарының әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына оң ықпал етпек.

ӨҢІР

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



11

Ауыл шаруашылығы

«Асыл тұқымды мал орталығы 20 жылға ілгері жүруге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде асыл тұқымды малды шетелден алып келу тиімсіз. Себебі жеткізілген малдың 30 пайызы ғана жерсініп, тірі қалады. Ал генетикалық орталық эмбриондарды әкеліп енгізгенде кез келген дені сау сиыр асыл тұқымды

бұзау туады. Бір ғана эмбрионнан оншақты бұзау алу мүмкіндігі бар. Осы тиімді әдісті жылқы мен түйе шаруашылығына да кеңінен қолдануға болады». Бұл туралы Алматы облысындағы «Байсерке-Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде өткен агроөнеркәсіп кешені комитетінің көшпелі отырысында айтылды. Сондай-ақ онда аграрлық салаға жаңа технология енгізудің тиімділігі мен маңыздылығы сараланды. Жиынға «Атамекен» ҰҚП төралқа төрағасы Тимур Құлыбаев, ҰҚП басқармасының төрағасы Абылай Мырзахметов, ауыл шаруашылығы вице-министрі Қайрат Айтуғанов, білім және ғылым вице-министрі Асланбек Әмрин, агроөнеркәсіп кешені комитетінің төрағасы Иван Сауэр қатысты.

Аталған кешеннің жетекші мамандары және шаруалармен басқосуда ҰҚП басшысы Тимур Құлыбаев елдің экономикалық дамуындағы ауыл шаруашылығының рөлін Елбасының бірнеше рет нақтылағанын ерекше атады. Агроөнеркәсіп кешенін дамыту

шоғырландыру мәселесінің күн тәртібінде тұрғандығына тоқталды.

Көшпелі отырыс барысында меймандарға тамшылатып суару жүйесі, заманауи ауыл шаруашылығы техникалары, сондай-ақ аталған шаруашылықтың дамуына атсалысып отырған алматылық ғалымдардың ғылыми

оншақты бұзау алу мүмкіндігі бар. Осы тиімді әдісті жылқы мен түйе шаруашылығына да кеңінен қолдануға болады», — деді.

Агроөнеркәсіп кешені мамандарымен кездесу барысында ауыл шаруашылығы министрлігінің генетикалық зертхана жобасына 30 млн теңге

ТҰҚЫМДЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛАДЫ



арқылы азық-түліктік және елдің экономикалық қауіпсіздігін, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге болады. Сонымен қатар ел азаматтарының жартысына жуығы тіршілік етіп жатқан ауылдық жерлерде әлеуметтік тұрақтылықты қалыптастыратын да осы сала екендігіне назар аударды.

— Елдің әлеуметтік-экономикалық өсуі азық-түлік өнімдерінің артуына және анағұрлым сапалы өнімдерді пайдалануға көшуіне негіз болады. Қазақстанның түрлі климаттық аймақтарында ауқымды егістік алқаптары бар. Бұл агроөнеркәсіп кешенінде экологиялық таза өнімдерді өндіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ сапалы дақылдарға көршілес елдердің қызығушылығы жоғары. Ал өнімді өткізу нарығының кендігі ауыл шаруашылығы өндірушілерінің әлеуетін арттырады анық, — деген төралқа төрағасы бұдан әрі ел аумағында ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшек пен аспалы жабдықты шығару және

жобалары таныстырылды. «Байсерке-Агро» ЖШС-нің ең басты жетістігі ретінде мұнда ірі қара мал мен доңыз эмбриондарын өндіретін биотехнологиялық зертхананың құрылуын, сонымен бірге жылына 85 мың бас шығаратын 3 мың орынға шақталған селекциялық-генетикалық орталықтың (*нуклеус*) құрылысын атауға болады.

«Байсерке-Агро» компаниясының директоры Алтай Кенжебаев «Мал шаруашылығы бойынша Қазақстанда эмбрион өндірудің деңгейі төмен. Озық елдерде бұл мәселе әлдеқайда жақсы жолға қойылған. Қыркүйек айында іске қосылатын асыл тұқымды мал орталығы 20 жылға ілгері жүруге мүмкіндік береді. Қазіргі кезде асыл тұқымды малды шетелден алып келу тиімсіз. Себебі жеткізілген малың 30 пайызы ғана жерсініп, тірі қалады. Ал генетикалық орталық эмбриондарды әкеліп енгізгенде кез келген дені сау сиыр асыл тұқымды бұзау туады. Бір ғана эмбрионнан

бөлетіні айтылды. Мамандардың пайымынша, мұндай асыл тұқымды мал орталығы АҚШ-та ғана бар көрінеді. Сол себепті қазіргі өзінде ынтымақтасу туралы ұсыныстар Ресей мен Қытай кәсіпкерлерінен түсіп жатқандығын «Атамекен» ҰҚП басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Әлтаев тілге тиек етті.

Басқосу барысында фермерлер Тимур Құлыбаевтан мемлекеттік субсидияларды алуға көмектесуін сұрады. Себебі еңбеккерлер ауылшаруашылығына қатысты шаралардың, әсіресе, субсидия мәселесінің олардың қатысуынсыз өткізілетіндігіне өкпелі.

Өз кезегінде төралқа төрағасы ауыл шаруашылығы секторында еңбектеніп жүрген ғалымдар мен кәсіпкерлер арасынан жастардың жиі төбе көрсететін жақсы үдеріске балады. Сондай-ақ ол көшпелі отырыс барысында айтылған ұсыныс-ескертелердің аяқсыз қалмайтындығын, әрбір өтінімнің қарастырылатынын айта келіп, жиынды қорытындылады.

Бастама

Оған 1913 жылы Ресей императоры Романовтар әулетінің 300 жылдығына орай балды Лепсіден арнайы алдырғаны

Алматы облысының Алакөл ауданындағы Лепсі ауылында бал өндірісі жаңдануда. Биыл ауыл амарташылары 300 тоннаға дейін бал жинап, өткізуді жоспарлап отыр. Өнімді халықаралық талаптарға сай ыдыстарға құйып, шетелге экспортқа шығаруға бытыр ашылған бал цехы мүмкіндік берді. Лепсінің балы осыдан I ғасыр бұрын да әлемге танымал болған.

ЕҢБЕГІ ҚАТТЫ, БАЛЫ ТӘТТІ



туралы тарихи деректер куә. Лепсідегі бал цехы тек осы ауылдың амарташыларының балын қабылдайды. Онда да арнайы зертханада сапасын тексеріп, бірақ алады. Ауылда 40-тан астам амарташы бал өткізуде. Кәсіпорында 15 адам еңбек етеді. Орташа жалақысы 60 мың теңге. Жұмысшылардың басым бөлігінің өз амарталары бар. Әрбір қызметкер өз қолынан шыққан өнімнің шетел асып, экспортталып жатқанын мақтан тұтады. Флюра Ескендірова кәсіпорын ашылғалы бері

Себебі дәл осы аймақта бал арасы қонатын 200-ден астам өсімдік болса, оның 40-тан астам түрі дәрілі шөптер. Айта кету керек, Лепсінің балы Алматы облысында өткен «Қазақстанның үздік тауары» байқауында «Үздік азық-түлік тауарлары» аталымы бойынша бірінші орын иегері атанды. Енді олар республикалық байқауға қатысатын болады.

Бетті дайындаған Қажет АНДАС, Алматы облысы

ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПАЙДАСЫНА ЖАРАТАЙЫҚ.

ОЙЫМЫЗ БІР.



human energy

«Шеврон» — Астана Expo 2017 көрмесінің демеушісі.

Қазақстанның мұнай кен орындарын игеру оңай емес. Бірақ технологиялар шиеленістерді мүмкіндіктерге айналдырады. «Шеврон» Қазақстанда жұмысын бастағаннан бері, біз өндіріс көлемін 27 есе арттырдық. Мұнай өнімін көбейту арқылы біз Қазақстанның болашақ өркендеуін ілгерілетеміз. Толық ақпаратты www.ChevronKazakhstan.com сайтынан қараңыз.

CHEVRON, CHEVRON Hallmark және HUMAN ENERGY Chevron Intellectual Property U.S.A. патенттерімен қорғау белгілері болып табылады. © 2017 Chevron U.S.A. Inc. корпорациясы. Барлық құқықтар қорғалған.



Көкпар тартты, теңге де ілді

Алматы ипподромында Nomad Stunts каскадерлер тобының қызыққа толы қойылымы өтті. Ұлттық ойынды насихаттаған көрсетілім «Қызыл Жарты Ай» қозғалысын қолдау мақсатында ұйымдастырылған. Атап айтсақ, аударыспақ, қыз қуу, теңге ілу, садақ ату, көкпар ойындары көрермен көңілін бір марқайтып тастады. Аппап ыстыққа қарамастан, өнерпаздар мен тақымындағы тұлпарлар жоғары деңгейде өнер көрсетіп шықты.

Фото: Ғалия КАЛИЕВА

Балмұздақтың дәмі



Еліміздегі ең ірі балмұздақ өндіруші – «Шин – Лайн» компаниясы өзінің Алматыдағы өндірістік кешенінде жаңа заманауи еуропалық желіні іске қосты. Енді кәсіпорын – тәулігіне 70 тоннадан артық өнім өндіреді. Жоба «Бизнестің жол картасы-2020» кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасы аясында жүзеге асып, жасалған инвестиция 5 млн еуроны құрады.

Аталған компанияның президенті Андрей Шин «Жаңа өндірістік желіні іске қосу – бұл біздің экспорттық нарықты белсенді игеруге көмектесетін кезең болмақ. Ал тұтынушы халықаралық стандартқа сай дайындалған балмұздақтың ерекше дәмін тата алады», – деді. Алдағы уақытта компания өнімдері Орталық Азия мен ТМД елдеріне экспортталады.

Салтанат ШЫРЫНХАН

Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ
Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия КАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ – Астана қаласындағы меншікті тіліші

Мадияр АРЫСТАНБАЕВ – арнаулы тіліші

Макпал НОҒАЙБАЕВА – өнер және руханият

Әбдіманап КЕҢЕС – жасстар және ғылым

Салтанат ШЫРЫНХАН – арнаулы тіліші

Руслан ДОСТАЕВ – web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ – web-сайт

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қуаныш ТҮНҒАТАР – Алматы облысы (8 702 952 88 17)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ – Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мендібай СҮМЕСІНОВ – Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ – Осло, Норвегия mahtutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2123;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы – 52 000 дана

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.